

ТЕҢГЕРІМДІ

САҚТАЙ ОТЫРЫП

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2020



МАЗМҰНЫ



Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша бейін және қызмет бағыттары

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнесінің құрылымы

Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Сегмент қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Инновациялық-технологиялық даму

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидалары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі және қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығыстарын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы



ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Қосымшалар

1-қосымша. GRI көрсеткіштері кестесі

2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидадары және орнықты даму мақсаттары

3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелердің тізбесі

4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылғы корпоративтік басқару кодексін қағидадары мен ережелерін сақтау туралы есеп

5-қосымша. Аудитордың шоғырландырылған қаржы есептілігі

6-қосымша. Қысқартулар тізімі

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ДАНИЯР БЕРЛІБАЕВ

*«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы*

Құрметті акционерлер, серіктестер мен әріптестер!

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасындағы ең ірі мұнай құбыры компаниясы бола отырып, ішкі нарыққа және экспортқа мұнай тасымалдау саласында мемлекет мүддесін қорғайды.

2020 жыл мұнай мен газ саласын қоса алғанда бүкіл әлемдік экономиканы сынақтан өткізді. Алғаш рет бүкіл әлем COVID-19 коронавирустық инфекцияның бұрын-соңды болмаған әсеріне тап болды. Пандемиямен күресу үшін әлемнің барлық елдері карантиндік және басқа да шектеу шараларын енгізді. Бұл шаралар мұнай-газ саласына кері әсерін тигізді – мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді, ұлттық валюта бағамы әлсіреді, әлемде мұнай өнімдерін тұтыну төмендеді, мұнай өндірісі азайды (оның ішінде ОПЕК + шеңберінде), сәйкесінше мұнай тасымалдау көлемі де төмендеді. Осылайша, дағдарыстың басталуы экономиканың барлық салаларына әсер етті және қалыптасқан жаңа жағдай аясында ұзақ мерзімді жоспарларды қайта қарастыруды талап етті.

Қазіргі таңда «ҚазТрансОйл» АҚ мемлекетіміздегі өндірілетін барлық мұнайдың шамамен 38% -ын тасымалдауды және отандық мұнай өңдеу зауыттарына 90% -дан астамын жеткізуді қамтамасыз етіп отыр.

Компанияның 2020 жылғы кірісі 235,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2% -ға аз. Есептік кезеңдегі жалпы пайда 24% -ға өсіп, шамамен 56 млрд теңгені құрады. Есепті кезеңдегі дивидендтер төлемінің мөлшері 2019 жылдың қорытындысы бойынша 45,4 миллиард теңге немесе бір жай акцияға шаққанда 118 теңгені құрады.

Жаһандық өзгерістерге қарамастан, «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің табысқа жету саясатында алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізе отырып, тепе-теңдік пен дәйектілікті ұстанады.



2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясы бекітілді. Стратегия – Компанияның нарықтық құнын (капитализациясын) арттыруға және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласындағы мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтауға бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсыныстарына сәйкес және жақын болашаққа арналған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді қайта қарау мен түзетулер енгізе отырып дамытылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі стратегиялық мақсаты – өсу принципінен Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз ету принципіне ағымдағы даму деңгейін ұстап тұру арқылы, өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді сақтап тұру арқылы, үздіксіз және қиындықсыз мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету арқылы біртіндеп көшу.

Есепті жылы Компанияның негізгі басымдықтарының бірі – корпоративтік басқару жүйесін дамытуға, атап айтқанда, Қоғамның басқару органдарының тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлінді. 2020–2021 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес Компанияның ішкі құжаттары жаңартылды, Кадрлық резервті құру мақсатында А санаты бойынша басқару лауазымдарына қажеттілік бекітілді (басқарушы қызметкерлер мен оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің бірінші басшылары), орнықты даму саласында дәйекті жұмыс атқарылды.


Орнықты даму «ҚазТрансОйл» АҚ атқарып отырған қызметінде басымдық танытады. Оның басты мақсаты – қоршаған ортаны сақтай және қорғай отырып бизнесті дамыту, қолайлы еңбек жағдайларын құру, өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Компания жұмыс атқаратын жергілікті қоғамдастықтардың дамуына өз үлесін қосу болып табылады. 2020 жылы орнықты даму жүйесінің жұмысы туралы Есептің презентациясын дайындау тәжірибесі енгізілді.



«ҚазТрансОйл» АҚ-ның орнықты дамудағы саясаты қоршаған ортаны қорғаудың барлық аспектілерін сақтап қалуға, атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары көлемін азайтуға және өзінің көміртегі ізін бақылап тұруға бағытталған. Компания өз тарапынан шығарындыларының көлемін төмендету бойынша жұмыстарды үнемі атқарып отырады. Сонымен қатар, қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында өндірістік тиімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының 11 өңірінде жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп тұрған ірі жұмыс беруші. 2020 жылы жұмысшылар саны 6 720 адамды құрады. Компания адами ресурстарды нығайту және дамыту, қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжым мен аймақтағы әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылық үшін жағдай жасау міндеттерін алдына басымдылық етіп қояды.

Мен барлық қызметкерлерге, акционерлерге, серіктестерге, сондай-ақ менің тікелей әріптестеріме – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне – ұсыныстары мен кәсіби ұсынымдары Компанияның тұрақтылығын арттыруға және стратегиялық мақсаттарды іске асыруға сенімді қадам жасауға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.



Данияр Берлібаев

*«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы*



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ) ҮНДЕУІ



ДИМАШ ДОСАНОВ,

«КазТрансОйл» АҚ
Басқарма төрағасы



Құрметті оқырмандар!

Жыл сайынғы есеп беру арқасында Сіздерді Компания есепті кезең ішіндегі қызметінің нәтижесімен таныстыруға, қаржы және өндіріс саласындағы маңызды оқиғалармен, сондай-ақ Компанияның даму келешегімен бөлісуге мүмкіндік туады.

«КазТрансОйл» АҚ 2020 жылы әлемдік экономиканың даму қарқының бәсеңдегеніне қарамастан, оң қаржылық нәтижеге қол жеткізді. «КазТрансОйл» АҚ-ның шоғырланған таза пайдасы, 2019 жылмен салыстырғанда 24%-ға өсіп, 56 млрд теңгеге жетті. Оның ұлғайған себебі 2019 жылғы қайта бағалау қорытындысы бойынша «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның активтерінің құнсыздану шығындарының азаюына байланысты. Қаржы көрсеткіштерінің жағымды динамикасы да мұнайды экспорттау мақсатында қайта айдау тарифінің 15%-ға артуының нәтижесі болып, бағам айырмашылығының кіріс өсімін құрады.

Пандемия жағдайында Компания мұнайды ішкі нарыққа да, экспортқа да сенімді тасымалдады. Оған қоса, «КазТрансОйл» АҚ-ның мұнай құбырының магистраль жүйесі арқылы 42 млн 298 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2019 жылға қарағанда 5%-ға төмен. Бұл ОПЕК+ келісімі аясында Қазақстан Республикасындағы мұнай шығару көлемінің төмендеуіне байланысты.

Компанияның күшті операциялық және қаржылық көрсеткіштерін 2020 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі атап өтті, ол «тұрақты» болжамы бар «BBB-» деңгейіндегі шетел валютасының ұзақ мерзімді рейтингін растады.

«КазТрансОйл» АҚ-ның мұнай тасымалдау қызметінің сапасы да жоғары бағаланды. Компания қызметінің тұтынушылары 100% қамтылып жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей қанағаттану коэффициенті 100%-ды құраған.

Компания инвестицияны мұнай құбырлары жүйесінің сенімділігін арттыруға салады. 2020 жылы капитал салымының көлемі 14% өсіп, 46,9 млрд теңгені құрады. 2021-2025 жылдарға арналған жалпы сомасы 214,2 млрд теңге инвестициялық бағдарлама аясында Компания өндірістік нысандарды да әрі қарай техникалық қайта жарақтауды қамтамасыз етеді.

«КазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының көрімсутекті тасымалдау бойынша көп векторлы жүйесін жасау саясатын іске асырады. «Қазақстан – Қытай» магистральді мұнай өнімдері жүйесін салуға басымдық берілген. 2020 жылы осы ірі инвестициялық жобаның аясында «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыржолы реверсінің бірінші іске қосу кешені аяқталып, нәтижесінде мұнай құбыржолының кері бағытта өткізу қабілеті екі есе артты. Екінші іске қосу кешені аясында «Аман» МӨС-тің механикасы аяқталды. Жобаны 2021 жылы аяқтау арқасында мұнайды кері бағытта 6 млн тоннаға дейін қайта айдау қамтамасыз етіледі.

Компанияның тұрақты дамуы – оның стратегиялық артықшылығы. «КазТрансОйл» АҚ экологиялық қатерді басқару мәселесі жөнінде көш бастап тұр. Компания «КазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының ішінде алғашқылардың бірі болып, ISO 45001:2018 талаптарына қатысты денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатын иеленді.

2020 жылы Компания ресми түрде Қауіпсіздік жылы деп жариялады. Бұл жыл аяқталса да, «КазТрансОйл» АҚ ұжымының жұмыла атқаратын жұмысы қауіпсіз болашақ құруға бағытталады. Мақсатымыз – Компанияның әр жұмысшысы лауазымына қарамастан, HSE саласында көшбасшы болуы керек. Ол үшін барлық жағдай жасалуда: жаңа корпоративтік стандарттар мен технологиялар енгізілуде. Әр жұмысшының денсаулығы мен өмірі баға жетпес байлық.

Әлеуметтік жауапкершілікті сезіне отырып, «КазТрансОйл» АҚ «Біргеміз» қайырымдылық жобасының аясында Қазақстан Республикасының медициналық мекемелеріне Еуропада өндірілген жалпы сомасы 1 млрд теңгені құрайтын 68 ӨЖЖ (өкпені жасанды желдету) аппараттарын алып берді. Компания жұмысшыларының жеке қаражатына Нұр-Сұлтан қаласындағы мамандандырылған балалар үйіне дәрілік заттар мен ойыншықтар сатып алынды, жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсетілді.

2021 жылы Компания 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген әр мақсаттарды және ауқымды бастамаларды іске асыруды көздейтін болады. Құжатты «КазТрансОйл» АҚ Директорларының кеңесі 2020 жылы бекіткен, себебі 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясының ірі жобаларының жартысынан

астамы іске асырылып қойған. Бұл кезде жаңа даму кезеңінің барлық жобасы мұнай тасымалдау сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталатын болады.

Компания есептік жылда дағдарыс жағдайында жұмыс істеу бойынша құнды тәжірибе жинақтады. «КазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне, акционерлеріне, серіктестеріне, мердігерлеріне, клиенттеріне, Қазақстан Республикасының жергілікті және орталық билік органдары өкілдеріне көрсеткен жемісті ынтымақтастығы үшін алғыс білдіремін. «КазТрансОйл» АҚ-ның барлық жұмысшыларына Компания мүддесіне қатысты атқарған кәсіпқой әрі тәртіпті жұмыстары үшін үлкен рақмет айтқым келеді.



Димаш Досанов,

«КазТрансОйл» АҚ
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде ашықтық қағидатын қатаң сақтайды және көптеген мүдделі тараптар үшін ақпаратты тиімді және толық ашуды қамтамасыз етуге тырысады.

Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелерін, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесін, даму стратегиясын және орнықты даму саласындағы жұмыстың нәтижелерін анық ашатын сегізінші жылдық есеп. Алдыңғы есеп 2020 жылдың мамырында жарияланған болатын.

Компанияда жыл сайынғы есептілік циклі қабылданды. Есеп Компания қызметінің 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы нәтижелерін көрсетеді, сондай-ақ Компанияның 2021 жылға арналған жоспарларының сипаттамасын қамтиды.

Есеп орнықты даму саласындағы есептілік бойынша GRI стандарттарының (GRI стандарттары) «Негізгі» (Core) сәйкестік талаптарының нұсқасына сәйкес дайындалды.

Бұл есепте өткен жылмен салыстырғанда ақпарат беру форматында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Сонымен бірге, Компания есепті дәйекті түрде әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыруда. Биылғы жылы GRI стандарттарын жақсырақ сақтау үшін бірқатар қосымша индикаторлар ашылды, атап айтқанда, қызметкерлер саны (жалданған қызметкерлердің санын қоса алғанда) аймақтар бойынша, қызметкерлерді оқыту туралы егжей-тегжейлі мәліметтер және қалдықтарды басқару әдістері туралы мәліметтер.

Компанияның қаржылық есебіне сыртқы аудиторлық рәсімді «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. 2020 жылдың аяғында орнықты даму саласындағы қаржылық емес ақпараттың сыртқы растауы жүзеге асырылған жоқ.

ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ

Есептің мазмұны GRI стандарттарына сәйкес ұсынылған принциптарға байланысты анықталды:



Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу – осы өзара әрекеттесу нәтижелері есептегі ашылатын маңызды тақырыптарды таңдау үшін пайдаланылды.



Орнықты даму мәнмәтіні – есептегі берілген ақпарат экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бағыт шеңберіндегі неғұрлым кең мәнмәтін ескеріле және Компанияның қоғамға әсерін талдай отыра ашылады. Бұл принцип маңызды тақырыптарды таңдауға, сондай-ақ оларды есепте толық ашуға да әсер етті.



Маңыздылық – Компания қажетсіз ақпараттардан аулақ болып, маңызды деректердің қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптар үшін ең маңызды деп танылған ақпаратты ғана ашады. Бұл принцип тақырыптарды таңдауда да, оларды ашуға арналған индикаторларды таңдауда да қолданылды.



Толықтылық – маңызды тақырыптар бойынша ақпарат Компанияға қатысты жағымды және жағымсыз мәліметтерді қамти отырып толық көлемде ашылады. Тақырыптардың шектеулері ақпараттың маңызды болып табылатын Компания қызметінің аспектілерін қамтиды. Бұл қағида орнықты даму туралы ақпаратты ашып көрсетуде қолданылды.

Есепті дайындау процесінде сондай-ақ, Халықаралық интеграцияланған есептілік кеңесі (IIRS) әзірлеген Халықаралық интеграцияланған есептілік стандартының қағидаттары, Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптары, Компанияның корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттарының талаптары сақталды. Ақпарат корпоративті басқару кодексінің ережелеріне және Компанияның басқа ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ қазақстандық заңнаманың нормаларына сәйкес ашылады.

Есепте Компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарына сүйенуі және Компанияның

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпарат жеке ашылған. Бұл ақпаратты жариялау кезінде Компания ақпараттың Қазақстандағы және шетелдегі басқа ұйымдармен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін ең жақсы халықаралық тәжірибені басшылыққа алды.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелерінің сипаттамасы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) «Менеджмент түсініктемесі» практикалық нұсқамасының ұсынымдарына сәйкес дайындалды.

ЕЛЕУЛІК ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНУ

Есепте жарияланатын орнықты даму саласындағы елеулі тақырыптарды таңдау үшін Компания GRI стандарттарымен ұсынылған тақырыптардың тізімін, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін маңызды болуы мүмкін және Компания дербес анықтаған қосымша тақырыптар таңдап алынды.

Компанияның қызметін ішкі талдау және оның қоғамға әсерін бағалау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен бенчмарктерді

талдау барысында елеулі тақырыптардың алдын-ала тізімі анықталды. Елеулі тақырыптардың қайта қаралған тізімі ішкі сарапшылармен, мүдделі тараптардың ішкі және сыртқы топтармен өзара әрекеттесуі арқылы алынды. Нәтижесінде төменде көрсетілген Елеулілік матрицасы құрастырылды. Осы матрицаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы 20 тақырып ең маңызды деп саналды және берілген жылдық есепте өз көрінісін тапты.

Елеулі тақырыптарды анықтау тәсілі

| Сыртқыкөздерді талдау | Мүдделі тараптардың пікірлерін талдау | Елеулі тақырыптар тізбесін құру |
|---|--|---|
| Компания және мұнай саласы (мұнай тасымалдау) туралы жария ақпаратты талдау | Компанияның функционалдық қызметкерлерімен сұхбат жүргізу | 2020 жылғы Есептің елеулі тақырыптарының түзетілген тізбесін талдау және қалыптастыру |
| Халықаралық және ресейлік компаниялар – мұнай тасымалдағыштар ашатын елеулі тақырыптардың бенчмаркі | 2019 жылғы Есеп оқырмандарынан алынған ақпаратты талдау, сауалнама жүргізу | |
| Елеулі тақырыптардың алдын ала тізбесі | Елеулі тақырыптардың түзетілген тізбесі | Елеулі тақырыптардың келісілген тізбесі |

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Елеулілік матрицасы



Елеулі тақырыптардың толық тізбесі

| Санаты | № | Елеулі тақырыптар | Компания ішінде | Компаниядан тыс |
|---------------------------|----|---|-----------------|-----------------|
| Экономикалық | 1 | 201 Экономикалық нәтижелілік | ✓ | ✓ |
| | 2 | 202 Еңбек нарығында қатысуы | ✓ | ✓ |
| | 3 | 204 Сатып алу практикалары | ✓ | ✓ |
| | 4 | 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | ✓ | ✓ |
| Экологиялық | 5 | 302 Энергия | ✓ | ✓ |
| | 6 | 303 Су | ✓ | ✓ |
| | 7 | 304 Биоәртүрлілік | ✓ | ✓ |
| | 8 | 305 Шығарындылар | ✓ | ✓ |
| | 9 | 306 Тасталымдар мен қалдықтар | ✓ | ✓ |
| | 10 | 307 Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі | ✓ | ✓ |
| Әлеуметтік | 11 | 401 Жұмыспен қамту | ✓ | ✓ |
| | 12 | 402 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы | ✓ | - |
| | 13 | 403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | ✓ | ✓ |
| | 14 | 404 Оқыту және білім беру | ✓ | ✓ |
| | 15 | 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер | ✓ | - |
| | 16 | 406 Кемсітуге жол бермеу | ✓ | - |
| Қосымша елеулі тақырыптар | 17 | Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану | ✓ | ✓ |
| | 18 | Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық | ✓ | ✓ |
| | 19 | Корпоративтік басқару | ✓ | ✓ |
| | 20 | Цифрландыру және автоматтандыру | ✓ | ✓ |

Есептің Қорытынды тізіміне енген 16 тақырып GRI стандарттарына сәйкес көрсетілген. Есептіліктің стандартты элементтерінің толық тізбесін және Есептегі ақпаратты ашуға арналған сілтемелерді қамтитын кесте Есепке 1-қосымшада ұсынылған.

- Сонымен бірге Есепте ашылуды қажет ететін төрт қосымша тақырып таңдалды:
- Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану** – бұл Компанияның ұзақ мерзімді дамуын және сыртқы ортаға, атап айтқанда қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін қамтамасыз ететін фактор. Көрсеткіш есепті кезеңнің осы саладағы жұмысын көрсетеді.
 - Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық** – Компания қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, өндірістік апаттар адамдар мен қоршаған ортаға айтарлықтай жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Көрсеткіш аясында Компания қандай өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететіні туралы айтылады.
 - Корпоративтік басқару** – менеджмент жүйесі айтарлықтай дәрежеде Компания қызметінің барлық мәселелері бойынша, оның ішінде орнықты даму саласындағы шешімдер қабылдау тиімділігін анықтайды. Көрсеткіш Компаниядағы басқару жүйесін ашады.
 - Цифрландыру және автоматтандыру** – цифрлық процестердің дамуы Компанияның ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптар үшін құндылық құру мүмкіндігіне айтарлықтай әсер етеді. Көрсеткіш Компанияның осы саладағы жұмысының негізгі бағыттарын айқындайды.

ЕСЕП ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Есеп «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының (ЕББҰ) қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Сонымен қатар операциялық және қаржылық көрсеткіштер шоғырландырылған негізінде көрсетілген және ЕББҰ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды. Есептің өзге бөлімдерінде егер өзгеше көрсетілмесе, ақпарат «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша ғана ұсынылған.

Есепте елеулі қызмет өңірі болып Қазақстан Республикасы белгіленген.

Есепті жылы Компания үш-төртжылдық серпінде көрсеткіштерді ашу практикасын ұстанды. Қосымша, ақпаратты неғұрлым толық ұсыну үшін Есепте есепті кезеңге дейін немесе кейін болған оқиғалар айтылған.

Есепте, сондай-ақ 2021 жылға арналған болжамды сипаттағы жоспарларға қатысты ақпарат көрсетілген. Оларды іске асыруға Компанияға байланысты емес сыртқы факторлар әсер

ететіндіктен, болашақ есепті кезеңдердегі қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген нысаналы бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Компания болашақ есептілікті дайындау және оның мүдделі тараптарының ақпараттық ашықтық пен айқындылық тұрғысынан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оның толтырылғаны үшін риза болады. Есептің негізгі бөлімдерінің соңында кері байланыс сауалнамасы қамтылды.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Компанияның біріктірілген жылдық есептерін Компанияның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсында «Акционерлерге және инвесторларға / Ақпаратты ашу / Жылдық есептер» деген бөлімінде табуға болады.

Есеп және оның мазмұны жөніндегі қосымша ақпаратты, сондай-ақ кері байланыс үшін мына байланыстарды пайдаланып, сұратуға болады:

Корпоративтік басқару департаменті
+7 (7172) 555-122,
bimenova@kaztransoil.kz

Инвесторлармен байланыс қызметі
+7 (7172) 555-049
masalin@kaztransoil.kz

Омбудсмен
+7 (7172) 555-041,
doverie@kaztransoil.kz

Қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті
+7 (7172) 555-135, 555-134

Компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғ, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ



3 ӨНДІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ
ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ
ЖАЛПЫ САНЫ

23 396 ЛАСТАУШЫ
ЗАТТАРДЫҢ
ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ,
ТОННА

6 720 ПЕРСОНАЛДЫҢ
ТІЗІМДІК САНЫ,
АДАМ

163,9 ПАРНИКТИ ГАЗДАР
ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ,
МЫҢ ТОННА CO₂ – экв.

81,69 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТӨЛЕМДЕР,
МЛН ТЕҢГЕ

4,47 МҰНАЙ
ТАСЫМАЛДАУДЫҢ
ЭНЕРГИЯНЫ
ҚАЖЕТСІНУІ,
Ш.О.Т/МЛН ТОННА


2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ
ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН
АУЫСТЫРЫП ТИЕУ
КӨЛЕМІ (шоғырландырылған
түрде), мың тонна**

43 348

-4%*



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БОЙЫНША ЖЕКЕ
МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ
КӨЛЕМІ,
мың тонна

42 298***


-5%



МҰНАЙДЫҢ ЖҮК
АЙНАЛЫМЫ
(шоғырландырылған
түрде)****, млн тонна-км

43 757

-4%



* Осында және одан әрі Есептің мәтінде сандық көрсеткіштер бойынша келтірілетін өзгеріс есепті кезеңдегі іс жүзіндегі мәнің алдыңғы жылғы іс жүзіндегі мәніне қатынасы ретінде есептеледі.

** Көрсеткіш Компания мен «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ көлемдерін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.

*** 2020 жылғы көрсеткіштердің 2019 жылғы көрсеткішке қатысты төмендеуі магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне, оның ішінде Ақтөбелік және Құмкөл облыстарынан келетін мұнай жеткізілімдерінің жалпы төмендеуіне, сондай-ақ ОПЕК + келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасындағы мұнай өндірісі көлемінің төмендеуіне байланысты.


**** Көрсеткіш Компанияның ЕББҰ-ға қатысу үлесін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ПАЙДА,
млрд теңге

235,2


-2%



ЕБИТДА*,
млрд теңге

111,1


-4%



САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ,
млрд теңге

163,0

2%



ЕСЕПТІ ЖЫЛҒЫ
ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДА,
млрд теңге

56,0

24%




* Көрсеткіш «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалу мониторингі қағидаларына сәйкес есептелген.

ДАМУ ТАРИХЫ

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

- КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
- ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
- ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қаңтар

Тарифтік саясат



«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспортқа мұнай айдау бойынша 1 000 км-ге 1 тонна үшін 7 358,76 теңге мөлшерінде қызмет көрсету тарифін бекіту (ҚҚС-сыз) болды. Тариф 2020 жылдың 1 наурызында күшіне енді.

Ақпан

Халықаралық ынтымақтастық



Қазақстандық мұнай компаниялары атынан Усть-Луга портына шамамен 699 мың тонна көлбеу мұнайды жөнелтуге кеткен шығындарды өтеу мәселесі бойынша әрекет ететін «Транснефть» ЖАҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ арасындағы келісім шеңберінде 38 қазақстандық жүк жөнелтушілерге өтемақы төлемдері аяқталды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау
«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Димаш Досанов пен бес жергілікті кәсіподақтың өкілдері «ҚазТрансОйл» АҚ мен Компания қызметкерлері арасында 2020–2022 жылдарға арналған Ұжымдық келісімге қол қойды.

Наурыз

Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі Нұртас Шмановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу

2020 жылғы 1 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін регламенттейтін ережелер қолданысқа енгізілді.

Кредиттік рейтинг

2020 жылғы 31 наурызда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингін «BB» деңгейінде растай отырып, «Тұрақты» -дан «Теріс» деңгейіне өзгертті. Бұл өзгеріс оның Бас компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қатысты дәл сондай рейтингтік әрекетке байланысты болды.

Мамыр

Акционерлердің жылдық жиналысы

2019 жылдың қорытындыларына арналған «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы алғаш рет «онлайн» режимінде өткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ FTO филиалының атауын өзгерту

2000 жылғы 3 қыркүйекте құрылған «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық орталығы» филиалы «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының зерттеулер мен әзірлемелер орталығы» филиалы болып өзгертілді. ЗЭО қызметі ғылыми негізделген инновациялық - технологиялық даму бағдарламасы негізінде Компанияның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Маусым

«Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері бағыты жобасын іске асыру

«ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері жобасының алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берді. Атап айтқанда, Н. Шманов атындағы мұнай айдау станциясынан (МАС) «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына дейін екі бағыттағы жалғастырушы желісінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ мұнай құбырының желілік бөлігін қайта жаңарту бойынша жұмыстар атқарылды.

Шілде

Тарифтік саясат

Н. Шманов атындағы МАС-тан «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырына дейін «ҚазТрансОйл» АҚ реттелетін қызметіне, яғни мұнайды ауыстырып тиеуге 1 тонна үшін 119,37 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) тариф бекітілді, тариф 2020 жылдың 1 тамызынан бастап пайдалануға берілді.

Корпоративтік басқару

Нұр-Сұлтан қаласында орналасуымен «ҚазТрансОйл» («ҚазТрансОйл» АҚ МТБО) филиалы) акционерлік қоғамның Мұнайды тасымалдау басқармасының орталығы» филиалын тіркеуі орындалды.

Тамыз

«Біргеміз» қайырымдылық жобасы

«ҚазТрансОйл» АҚ 68 стационарлық көпфункционалды жасанды өкпенің желдеткіш қондырғыларын сатып алып, демеушілік көмек ретінде Қазақстан Республикасының медициналық мекемелеріне жіберді.

Қыркүйек

Өндірістік бағдарламаны жүзеге асыру



«Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбырының жалпы ұзындығы 17 км учаскелері «ҚазТрансОйл» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған өндірістік бағдарламасына сәйкес қайта жаңартудан кейін пайдалануға берілді.

Түркістан қаласындағы Конгресс-холл құрылысын қаржыландыру.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Түркістан қаласындағы Конгресс-холл құрылысын қосымша қаржыландыру ретінде «Объектілер құрылысы жөніндегі компания» корпоративтік қорына 405 809 037 теңге көлемінде демеушілік жасады. «ҚазТрансОйл» АҚ нысанын салуға барлығы 2 605 809 037 теңге бөлінді. Түркістан облысы әкімдігінің қаулысымен Конгресс-холл Түркістан қаласының облыстық коммуналдық меншігіне өтті.

Қараша

Инвестициялық бағдарлама

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021–2025 жылдарға арналған магистральдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау қызметіне арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Тарифтік саясат

2021–2025 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік смета мен тариф 1 000 км үшін 1 тонна үшін 4 355,57 теңге ҚҚС-сыз 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап бекітілді.

Кредиттік рейтинг

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ шетел валютасындағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BBB-» деңгейінде растады.

Желтоқсан

«Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының кері бағыты жобасын іске асыру



2020 жылы 29 желтоқсанда «Аман» МАС-ның механикалық аяқталу актісіне қол қойылды.

2020 жылдың 31 желтоқсанында «Құмкөл» МССКӨЖ және «Кеңқияқ» МССКӨЖ нысандары пайдалануға берілді.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

- КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
- ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
- ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

ҚАРЖЫ КАПИТАЛ

652 518 млн теңге жеке капитал | 61 938 млн теңге жарғылық капитал

ТАБИҒИ КАПИТАЛ

160 562 ш.о.т. жалпы энергия тұтыну көлемі | 44 055 тонна қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі | 23 396 тонна атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының көлемі

8 «Су» қағидаттары | 472,16 мың м³ тартылған судың жалпы мөлшері

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

5 371,6 км магистральдық мұнай құбырларының ұзындығы | 1 386 мың м³ мұнай сақтауға арналған резервуарлар | 36 мұнайды айдау станциялары

АДАМИ КАПИТАЛ

6 720 адам персоналдың тізімдік саны | 43,7 жас персоналдың орташа жасы | 93,3% өңірлердегі персоналдың үлесі

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КАПИТАЛ


АТ-жүйесі (SAP, ЭКЖ, СЭА, SCADA, SQUID және т.б.) | Қызмет көрсетілмейтін байланыс тораптары | Транкингтік байланыс желісі

ӘЛЕУМЕТТІК-БЕДЕЛ КАПИТАЛ


Омбудсмен институты | Жедел желі | Корпоративтік этика кодексі

ҚҰНДЫ ҚҰРУ ПРОЦЕСІ

МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ



ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР



СУДЫ БЕРУ



ТИІМДІЛІКТІҢ АРТТЫРУЫН БАСҚАРУ

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР:

- Мұнай, су жеткізудің азаюы;
- Апаттар;
- Активтердің қасақана ұрлау не болмаса жою тәуекелі;
- Валюталық тәуекел;
- Стратегиялық серіктестер тәуекелі;
- Жазатайым оқиғалар;
- Экологиялық тәуекелдер.

КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- Тиімділік;
- Орнықты даму;
- Кәсіпқойлық;
- Өзара пайда және команда болып жұмыс істеу.

55 954 млрд теңге жылғы қоры-қорытынды бойынша таза | 45,1 млрд теңге 2019 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер

3,9% бюджеттік қорларды қолданудың үлесі | 3 269 тонна немесе 12,3% атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының төмендеуі | 1,3 млрд теңге қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралардың шығындарын іске асыру

3 321 мың тонна мұнай тасымалдау | 1 202 құбырлардың ақаулары жойылды

2,4% персоналдың өнімділігі | 0 өндірісте өлім-жітімнің саны | 345 млн теңге персоналды оқытуға инвестициялар көлемі

100% объектілерді қамтамасыз ету | 100% магистральдық мұнай құбырлары объектілерін қолданыстағы қамту аймағы

3 млрд теңге қорытынды қолдауға арналған қорытынды | 91% әлеуметтік тұрақтылық рейтингі | 36,7 млрд теңге төленген салықтар мен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдер



Мазмұны

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



ҚЫСҚАША БЕЙІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Қызметтің негізгі бағыттары:



магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметі;



басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы Қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру;



Қазақстан Республикасында және оның территориясынан тыс жерлердегі құбыр жүйесін пайдалану және құрылысы;



өндіріс бойынша қызметтерді ұсыну, беру және жылу энергиясының таралуы, электр энергиясын жеткізу.

«ҚазТрансОйл» АҚ – бұл 90% жай акциялары «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ-на тиесілі, ал 10% жай акциялары минус 1 акция миноритарлық акционерлердің бақылауындағы жария компания.

Компания активтерінің көп бөлігі Қазақстанда орналасқан. «ҚазТрансОйл» АҚ құрамына Қазақстандағы, Грузиядағы және Біріккен Араб Әмірліктеріндегі 3 еншілес компания, сондай-ақ Қазақстанда орналасқан бірлесіп-бақыланатын 2 ұйым кіреді.

КОМПАНИЯНЫҢ 2028 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Миссиясы



«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері үшін барынша жоғары пайданы қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай тасымалдау саласындағы мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау.

Пайымы



«ҚазТрансОйл» АҚ – орнықты даму, өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік активтерді басқару саласындағы үздік тәжірибеге сәйкес келетін қазіргі заманғы, әртарапандырылған құбыр жүйесі арқылы мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтердің кең спектрін ұсынатын бәсекеге қабілетті және серпінді дамып келе жатқан компания.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша бейін және қызмет бағыттары

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнестің құрылымы

Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Корпоративті құндылықтар:



Қауіпсіздік.

Компания өндіріс орындарының ақаусыз жұмысын қамтамасыз етуге тырысады.



Еңбекқорлық және кәсіби шеберлік.

Компания өз қызметкерлерінде қажырлы еңбекті, Компания қызметінің ерекшеліктерін білуді, берілген міндеттерді уақытылы және сапалы орындауды бағалайды және кәсіби құзыреттіліктер мен дағдылардың үнемі жетілуін қамтамасыз етеді.



Тиімділік.

Компания мемлекет, акционерлер, қызметкерлер және қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді, осыған байланысты қызметтің пайдалылығы мен тиімділігі, жоғары нәтижелерге қол жеткізу Компания үшін шүбәсіз құндылық болып табылады. Бизнес-процестерді жетілдіру, шығындарды оңтайландыру, жабдықты жаңартуға бағыттау және өндірісті дамытуға инвестициялау Компанияның орнықты және тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.



Сапа.

Компания өз ісін дұрыс және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.



Ашықтық.

Компания басшылықтың ашықтығын қамтамасыз етуге, корпоративті басқару стандарттарын ұстануға өзінің міндеттілігін растауға тырысады.

Корпоративтік құндылықтар «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің барлық салаларында көрініс табады және қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыруда, бизнес-процестерді құруда, стратегиялық жоспарлауда және шешімдер қабылдауда айтарлықтай рөл атқарады.

Стратегиялық мақсатты іске асыру «ҚазТрансОйл» АҚ Миссиясы мен Пайымына қол жеткізуге бағытталған.

Компанияның Стратегиялық мақсаттарын іске асыруға әсер ететін негізгі факторлар

| Компанияның Стратегиялық мақсаттарын іске асыруға әсер ететін негізгі факторлар | Тигізетін әсері |
|---|------------------------------|
| «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай өндіру және мұнай құбырларын жүктеу өсімі | Табыстың өсуі |
| Мұнай компанияларының мұнай жеткізу келісімшарттарын рәсімдеуі | Жүк айналымын қамтамасыз ету |
| Мұнай бағасының өсуі және ұлттық валютаның тұрақты бағамы | Рентабельділік |
| Өндірістік қорларды жаңарту | Ақаусыз жұмыс |

Стратегиялық тәуекелдер


Негізгі стратегиялық тәуекелдер

| № | Тәуекелдің атауы | Тәуекелдерді азайту шаралары |
|---|---|--|
| 1 | Мұнай өндіру және негізгі жүк жөнелтушілерден жеткізу көлемінің төмендеуі. Мұнай құбырларының жүктемесі төмен деңгейі | <ul style="list-style-type: none"> Қытай бағытында ресейлік мұнайдың транзитін сақтау және одан әрі арттыру мәселесін зерттеу; бизнес-жоспарларды қайта қарау; ағымдағы және күрделі шығындарды оңтайландыру. |
| 2 | Ұлттық валюта бағамының әлсіреуі | <ul style="list-style-type: none"> бизнес-жоспарларды қайта қарау; импорттық құрамдас бөлігі бар ағымдағы және күрделі шығындарды азайту. |
| 3 | Сызықтық бөлікте негізгі жабдықтың және жазатайым оқиғалардың қаупі | <ul style="list-style-type: none"> активтерді диагностикадан өткізу; мұнай құбырлары объектілеріне техникалық қызмет көрсету; жабдықты, мұнай құбырларының желілік бөлігін жөндеу және ауыстыру жоспарларын орындау; күзгі-қысқы кезеңге дайындық бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шараларды өткізу; нысандардағы апаттардың, инциденттердің алдын алу шараларын жүргізу; жетілдірілген және энергия үнемдейтін жабдықты пайдалану. |

«ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағыттары

2020 жылдың қараша айында Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясын (даму Стратегиясы) бекітті, бұл жағымды өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді және қауіпсіз, сапалы, уақтылы

және үздіксіз мұнай тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсыныстарына сәйкес әзірленген.



Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша бейін және қызмет бағыттары

Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы

Бизнестің құрылымы

Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ды дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттары

Төмендегі кестеде есепті жылы қолданыстағы Компанияның Даму стратегиясына негізделген стратегиялық міндеттерді іске асырудың нәтижелері көрсетілген.



МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Мұнай жүк айналымының жоспарлық көрсеткіштеріне қол жеткізу (2025 жылға қарай >50 млрд тонна-км)

2020 жылға арналған жоспар

42 303 мың тонна көлемінде мұнай тасы- малдауды (Компания бойынша жеке) және 45 493 млн тонна-км (Компания бойынша жеке – 36 780 млн тонна-км) мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымын қамтамасыз ету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

- Компания бойынша бөлек мұнайды тасымалдау көлемі – 42 298 мың тонна;
- Мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымының көлемі Компания бойынша жеке – 35 899 млн тонна-км.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

«Транснефть» ЖАҚ-пен бірлесіп жұмыс жасау арқылы «Атырау – Самара» бағытының тартымдылығын арттыру арқылы мұнай құбырына тасымалдауға қазақстандық мұнайдың қосымша көлемін тарту

2020 жылға арналған жоспар

Атырау – Самара – Новороссийск бағыты бойынша қазақстандық мұнайды жылына 1,0 млн тоннаға дейінгі мөлшерде Siberian Light қоспасын қоса жібере отырып, бөлек айдауды жалғастыру

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*

2020 жылы Атырау – Самара – Новороссийск бағыты бойынша 1 210 мың тонна «каз күкіртті» Siberian Light қоспасы қосылған қазақстандық мұнай жөнелтілді.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Транзиттік әлеуетті дамыту

2020 жылға арналған жоспар

Ресей мұнайының Қытай бағытындағы жылына 10 млн тоннаға дейін транзитін қамтамасыз ету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*

2020 жылы ресейлік өндірушілерден Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға мұнай тасымалдау (Атасуға ауыстырып тиеу) 9 989 мың тоннаны құрады.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Тұтынушылармен жұмыс тиімділігін арттыру

2020 жылға арналған жоспар

Мұнай тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне жету 95% -дан кем емес

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*

2020 жылы тұтынушылардың қызмет көрсету сапасына қанағаттануы 100%-ды құрады.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

«ҚазТрансОйл» АҚ саланы дамыту динамикасын және инвестициялық қажеттіліктерін ескере отырып, икемді және тиімді тарифтік саясатты қамтамасыз ету

2020 жылға арналған жоспар

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын сақтау, «ҚазТрансОйл» АҚ икемді және тиімді тарифтік саясатын қамтамасыз ету үшін тиісті ұсыныстар енгізу

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттелетін қызметке тарифтік смета мен тариф 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 355,57 теңге мөлшерінде бекітілді (ҚҚС-сыз).

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Қолданыстағы мұнай құбырлары жүйесін дамыту, қолданыстағы мұнай құбырларына ие компаниялардың қатысу үлестерін / акцияларын сатып алу / басқару және жаңа мұнай құбырларын салу

2020 жылға арналған жоспар

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі» инвестициялық жобасы бойынша 2020 жылға арналған іс-шараларды жүзеге асыру. Өнімділікті жылына 20 милли- он тоннаға дейін арттыру»

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*

2020 жылдың 29 желтоқсанында ЕРС-2 келісімшарты бойынша механикалық аяқтау актіне қол қойылды.

2020 жылдың 31 желтоқсанында БМАС МССКӨЖ «Құмкөл» және БМАС «Кеңқияқ» объектілері пайдалануға берілді.

«ҚҚҚ» ЖШС-гі мен «МұнайТас» ЖШС-ті біріктіру нұсқасын анықтау бойынша жұмыстарды жалғастыру («ҚҚҚ» ЖШС-гі мен «МұнайТас» ЖШС-гін біріктіру нұсқа- сын анықтау бойынша Жол картасын іске асыру)

✓ *Орындалды*

«ҚҚҚ» ЖШС мен «МұнайТас» ЖШС-ті біріктіру нұсқасын анықтау бойынша талдау жұмысы 2020 жыл бойы «ҚазТрансОйл» АҚ-мен тұрақты түрде жүргізілді. «Қа- зақстан-Қытай құбыры» ЖШС мен «МұнайТас» ЖШС қатысушылары арасында кездесулер мен консультациялар жүргізілді. «ҚҚҚ» ЖШС мен «МұнайТас» ЖШС біріктіру нұсқасы бойынша түпкі шешім Реверс жобасы аяқталғаннан кейін анықталады.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Сумен жабдықтау қызметінің рентабельділігін арттыру және экономикалық тиімділік болған кезде магистральды су құбырларының қолданыстағы жүйесін дамыту

2020 жылға арналған жоспар

Сумен жабдықтаудың жоспарланған деңгейінің 30 100 мың м³ көлемінде орындалуын қамтамасыз ету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

Орындалған жоқ
Таза судың 28 406 мың текше метрі көлемінде жеткізілді.

Шығындар мен күрделі салымдардың өтелуін қамтамасыз ететін сумен жабдықтауға тарифті бекіту

✓ *Орындалды*
Уәкілетті органмен 2020–2021 жылдарға арналған тарифтер мен тарифтік смета бекітілді.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральды су құбырын кеңейту жобасын қаржыландыру мәселесін пысықтау

✓ *Орындалды*
Құжаттар жиынтығы Еуразиялық даму банкінде қаржыландыруды ұйымдастыру мәселесін қарау үшін құжаттар тізіміне сәйкес жіберілді.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Тұтынушылармен жұмыс тиімділігін арттыру

2020 жылға арналған жоспар

Тұтынушылардың ұсынылатын сумен жабдықтау қызметтерінің сапасына қанағаттану коэффициентіне кем дегенде 95%-ға жету

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*
Қызмет көрсету сапасына қанағаттану 100% құрайды.



ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Басқа ұйымдарға тиесілі магистральдық құбырларды пайдалану мен қызмет көрсетуден түсетін кірісті арттыру

2020 жылға арналған жоспар

«Торғай Петролеум» АҚ мұнай құбырын пайдалану туралы келісім және 15% деңгейіндегі кірістілік нормасын ескере отырып, магистральдық су құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер көрсету туралы келісім жасау.

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*
2020 жылы «Торғай Петролеум» АҚ мұнай құбырын пайдаланудан кіріс алу үшін келісімге қол қойылды.

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар

Тұтынушылармен жұмыс тиімділігін арттыру

2020 жылға арналған жоспар

Ұсынылатын операторлық қызметтердің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейіне жету 95% -дан кем емес

2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы

✓ *Орындалды*
2020 жылдың соңында тұтынушылардың көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттану деңгейі 95% құрады.



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Қысқаша бейін және қызмет бағыттары
- Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- Бизнестің құрылымы
- Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- Мемлекеттік реттеу және қызметтерге арналған тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар
Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін жетілдіру

| | |
|--|---|
| <p>2020 жылға арналған жоспар</p> <p>Операторлық қызмет шеңберінде мұнай құбырының желілік бөлігінің жабдықтары мен құрылымдарына техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу кестелерін уақытында орындау</p> | <p>2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы</p> <p>✓ <i>Орындалды</i></p> <p>Есепті кезеңде барлық қызмет түрлері бойынша мұнай құбырының желілік бөлігінің жабдықтары мен құрылымдарына техникалық қызмет көрсетудің және ағымдағы жөндеудің бекітілген кестелері белгіленген мерзімге сәйкес толық көлемде аяқталды.</p> |
|--|---|

2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттар және бастамалар
«ҚазТрансОйл» АҚ шығындарын басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру

| | |
|---|---|
| <p>2020 жылға арналған жоспар</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ үшін дербес жалпы сомманың жалпы шығындарындағы 8% -дан аспайтын жалпы және әкімшілік шығыстарының үлесін қамтамасыз ету</p> | <p>2020 жылғы негізгі іс-шаралардың орындалуы</p> <p>✓ <i>Орындалды</i></p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жалпы әкімшілік шығыстардың үлесі 7,6% құрады.</p> |
|---|---|

| | |
|--|---|
| <p>«ҚазТрансОйл» АҚ үшін дербес еңбек өнімділігін кем дегенде 28 миллион теңге / адамға немесе 5,35 миллион тонна / адам деңгейінде қамтамасыз ету</p> | <p>✓ <i>Орындалды</i></p> <p>2020 жылдың соңында «ҚазТрансОйл» АҚ үшін жеке алынған еңбек өнімділігінің көрсеткіші 32,99 млн теңгені құрады / адам. Физикалық көлемге айналдырғанда – 5,50 млн тонна км / адам.</p> |
|--|---|

| | |
|---|---|
«Атырау – Самара» бағытында «КҚК» ЖШС жүйесінен мұнай жеткізілімдерін қайта бөлу есебінен Қашаған кен орнына мұнай жеткізуші компаниялардан мұнай жеткізілімдерінің ұлғаюына қарамастан, «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай жетілімінің жалпы төмендеуіне әсер еткен негізгі себептер:

- хлорорганикалық қосылыстардың мөлшерлерінің асып кетуіне байланысты Ақтөбе облысындағы қызметтерді тұтынушылармен мұнай тапсырылымының төмендеуі;
- Құмкөл кен орындары тобынан мұнай өндірудің табиғи төмендеуіне байланысты мұнай тапсырылымының төмендеуі;
- ОПЕК + келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасында мұнай өндірісінің қысқаруы.

2020 жылы «Атасу – Алашаньюкоу» мұнай құбыры арқылы Қазақстан мұнайын тасымалдау көлемі 35%-ға төмендей отырып, 0,6 млн тоннаны құрады, көлемі 10 млн тоннаны құрайтын ресейлік мұнайдың транзитін қоспағанда. ҚХР бағыты бойынша экспорттың төмендеуінің негізгі факторлары болып Құмкөл кен орындары тобынан мұнай өндірісінің төмендеуі, хлорорганикалық қосылыстардың артық болуынан Ақтөбе облысында мұнай жеткізілімдерінің төмендеуі. Айта кететін жәйт, бекітілген бизнес-жоспардағы осы құбырларға ауыстырып тиеудің жылдық жоспары «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырының 2020 жылдың екінші жартысынан бастап кері бағытын және ағындарды қайта бөлуді ескере отырып жоспарланғанын. «Кеңқияқ – Атырау» құбырының кері бағыт жобасын толық іске асыру мерзімі 2021 жылға ауыстырылғанын және мұнай өндіру көлемі ОПЕК + келісіміне сәйкес өзгертілгенін ескере отырып, осы құбырларға мұнай тасымалдау көлемі бизнес-жоспардың жобасында түзетілді.

СЕГМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мұнайды тасымалдау

Мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін дамудың негізгі стратегиялық бағыты және Компанияның негізгі профит-орталығы болып табылады.

Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін мұнай жеткізу кестелеріне сәйкес, мынадай бағыттар бойынша тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы (Ресей Федерациясының аумағы арқылы) мұнай жеткізу;
- мұнайды ішкі нарыққа жеткізу: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ге (АМӨЗ), «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ге (ПҚОП), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ге (ПМХЗ) және «CASPI BITUM» ЖШС-не;
- мұнайды Ақтау қ. портындағы танкерлерге тиеу;
- «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» ЖШС және «КҚК» ЖШС жүйесіне ауыстырып мұнайды ауыстырып құю;
- «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасынан вагон-цистерналарға мұнай құю.

Мазмұны

| |
|---|
| <p>Басшылықтың үндеуі</p> <p>Есеп туралы</p> <p>2020 жылғы негізгі көрсеткіштер</p> <p>Магистральдық құбырлар схемасы</p> <p>Даму тарихы</p> <p>2020 жылғы негізгі оқиғалар</p> |
|---|

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Сегмент қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Инновациялық-технологиялық даму

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

| |
|---|
| <p>Басшылықтың үндеуі</p> <p>Есеп туралы</p> <p>2020 жылғы негізгі көрсеткіштер</p> <p>Магистральдық құбырлар схемасы</p> <p>Даму тарихы</p> <p>2020 жылғы негізгі оқиғалар</p> |
|---|

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнай тасымалдау, мұнай, мұнай өнімдері мен газды ауыстырып тиеу көлемі, мың тонна

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 (жоспар) | Өзгеріс, % |
|----------------------------|--------|--------|---------------|---------------|------------|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 45 309 | 44 463 | 42 298 | 41 281 | −4,9% |
| БМТ және РТL компания тобы | 1 030 | 857 | 1 051 | 1 100 | 22,6% |
| «ҚҚҚ» ЖШС | 15 997 | 16 200 | 15 883 | 17 289 | −2,0% |
| «МұнайТас» ЖШС | 3 878 | 3 232 | 3 321 | 3 988 | 2,7% |

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау көлемі 42 298 мың тоннаны құрады, бұл 2019 жылдың ұқсас мерзіміндегі көрсеткішінен 4,9%-ға төмен.

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы*, млн тонна-км

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 (жоспар) | Өзгеріс, % |
|---|--------|--------|---------------|---------------|------------|
| Мұнайдың жүк айналымы, млн тонна-км, оның ішінде: | 46 120 | 45 580 | 43 757 | 43 680 | −4% |
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 38 040 | 37 657 | 35 899 | 34 838 | −4,7% |
| «ҚҚҚ» ЖШС | 14 607 | 14 590 | 14 368 | 15 969 | −1,5% |
| «МұнайТас» ЖШС | 1 522 | 1 232 | 1 322 | 1 682 | 7,3% |

** Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ЕББҰ-дағы қатысу үлесін ескере отырып есептелген*

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральлық мұнай құбырлары арқылы бағыттар мен тұтынушылар бойынша мұнай тасымалау көлемі, мың тонна

| Бағыты | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 (жоспар) | Өзгеріс, % |
|--|-----------------------|-----------------------|------------------------------|------------------------|------------|
| мұнай өңдеу зауыттарына | | | | | |
| АМӨЗ | 5 237 | 5 296 | 4 962 | 5 400 | −6,3% |
| ПҚОП | 4 759 | 5 391 | 4 796 | 5 250 | −11,0% |
| ПМХЗ | 5 334 | 5 298 | 4 998 | 5 300 | −5,7% |
| «CASPI BITUM» ЖШС | 819 | 897 | 854 | 850 | −4,8% |
| Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзиті | | | | | |
| «Атырау – Самара» мұнай құбыры | 14 757 | 14 328 | 14 478 | 11 158 | 1,0% |
| Ақтау порты арқылы тиелім | | | | | |
| «Ақтау» БМАС танкерлеріне тиелім | 2 002 | 2 020 | 2 098 | 2 200 | 3,9% |
| құбыр компанияларына мұнайды ауыстырып құю | | | | | |
| «ҚҚҚ» ЖШС («Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры) | 11 373 | 10 846 | 10 550 | 11 048 | −2,7% |
| | (с. і. транзит 9 989) | (с. і. транзит 9 989) | (с. і. транзит 9 989) | (с. і. транзит 10 000) | |
| «ҚҚК-Қ» АҚ (КҚК мұнай құбыры) | 2 143 | 1 770 | 502 | 1 270 | −71,7% |
| «МұнайТас» ЖШС | 3 485 | 2 880 | 2 980 | 3 988 | 3,5% |
| «ҚҚҚ» ЖШС («Кенкияқ – Құмкөл» мұнай құбыры) | 4 559 | 5 156 | 5 227 | 6 650 | 1,4% |
| теміржол эстакадалары | | | | | |
| Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасы | 26 | 32 | 123 | 0 | 281,1% |
| «Шағыр» МҚП теміржол эстакадасы | 308 | 94 | 354 | 200 | 276,6% |

| |
|---|
| <p>Басшылықтың үндеуі</p> <p>Есеп туралы</p> <p>2020 жылғы негізгі көрсеткіштер</p> <p>Магистральдық құбырлар схемасы</p> <p>Даму тарихы</p> <p>2020 жылғы негізгі оқиғалар</p> |
|---|

ЕББҰ бойынша бөлуде мұнай тасымалдау, мұнай, мұнай өнімдері мен газды ауыстырып тиеу көлемі, мың тонна

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 (жоспар) | Өзгеріс, % |
|----------------------------|--------|--------|---------------|---------------|------------|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 45 309 | 44 463 | 42 298 | 41 281 | −4,9% |
| БМТ және РТL компания тобы | 1 030 | 857 | 1 051 | 1 100 | 22,6% |
| «ҚҚҚ» ЖШС | 15 997 | 16 200 | 15 883 | 17 289 | −2,0% |
| «МұнайТас» ЖШС | 3 878 | 3 232 | 3 321 | 3 988 | 2,7% |

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау көлемі 42 298 мың тоннаны құрады, бұл 2019 жылдың ұқсас мерзіміндегі көрсеткішінен 4,9%-ға төмен.

2020 жылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына (МӨЗ) мұнай жеткізу көлемі 7,5% -ға төмендеп, 15 610 мың тоннаны құрады. Бұл Қазақстан Республикасының МӨЗ-дерін тиеу үшін мұнай жеткізу Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ай сайынғы бекітілген кестелері негізінде жүзеге асырылуына байланысты. Сондай-ақ COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуына және елде мұнай өнімдерін тұтынудың төмендеуіне байланысты мұнай өнімдерінің шамадан тыс қорлануына байланысты отандық мұнай өңдеу зауыттарының жүктемесі азайды.

2019 жылға қарағанда «Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы мұнай жеткізілімдерінің 1,0%-ға ұлғаюы басқа бағыттардан жеткізілімдердің қайта бөлінуіне, соның ішінде «ҚҚҚ» ЖШС жүйесінен осы бағыттың экономикалық тартымдылығының төмендеуіне байланысты болды. Қазақстандық жүк жөнелтушілердің Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспорттау үшін мұнай жеткізуінің негізгі бағыттары Усть-Луга порты және Новороссийск порты болып табылады.

2020 жылы Ақтау порты арқылы 2 098 мың тонна мұнай жөнелтілді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға артық. Ақтау портындағы мұнайды танкерлерге құю одан әрі Махач-кала мен Баку порттарына жеткізу үшін жүзеге асырылды.

2020 жылы «Шағыр» МҚП эстакадасынан 354 мың тоннаны құрайтын Өзбекстан Республикасы мен ішкі нарық бағытында мұнай тасымалдау жалғасты. Сондай-ақ, экспорт пен ішкі нарыққа Т.Қасымов атындағы мұнай айдау станциясының тиеу эстакадасынан 123 мың тонна мұнай жөнелтілді.

2019 жылға қатысты «КҚК-К» АҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуі жеткізілімдерді басқа бағыттар бойынша қайта бөлуге байланысты.

Компанияда «Сапа менеджменті жүйесі. Менеджменттің интеграцияланған жүйесінің құрамына кіретін және қолдануға арналған нұсқаулық талаптары» ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін енгізді және тиімді жұмыс атқарылуда.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі жақсарту мақсатында 2020 жылы Компания тұтынушылардың 100% қамтылуымен мұнай тасымалдау қызметтеріне клиенттердің қанағаттануын бағалау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша жалпы қанағаттанушылық деңгейі 100% құрады.

| |
|---|
| <p>Басшылықтың үндеуі</p> <p>Есеп туралы</p> <p>2020 жылғы негізгі көрсеткіштер</p> <p>Магистральдық құбырлар схемасы</p> <p>Даму тарихы</p> <p>2020 жылғы негізгі оқиғалар</p> |
|---|

Пайдалану және сенімділігін қамтамасыз ету

Компания кірісінің негізгі үлесін қамтамасыз ететін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі активі бүкіл елді қамтитын магистральдық мұнай құбырларының желісі болып табылады. Мұнай тасымалдау жөніндегі табысты қызметтің маңызды шарты магистральдық құбырларды, сондай-ақ негізгі және қосалқы мақсаттағы өндірістік объектілерді авариясыз және қауіпсіз пайдалану болып табылады.

Осы мақсаттар үшін Компанияда құбырларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау бойынша барлық қажетті іс-шараларды жоспарлау және іске асыру, оның ішінде:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік бағдарламасын қалыптастыру;
- магистральдық құбырлардың өндірістік объектілері жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету, жылдың су тасқыны және күзгі-қысқы кезеңдерінде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарының жасалуына және орындалуына бақылауды ұйымдастыру;
- магистральдық құбыр объектілерінің коррозиядан тиімді қорғалуын қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру;
- өндірістік объектілерде және магистральдық құбырлардың технологиялық жабдықтарында диагностикалық жұмыстарды уақытында жүргізу;
- магистральдық құбырларды әуемен патрульдеу жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау;
- магистральдық құбырлар жұмысының оңтайлы жылу-гидравликалық режимдерінің сақталуын, қазандық-пеш отынының шығынын бақылауды жүзеге асыру;
- өнімділікті арттыруға, өзіндік құнын төмендетуге және пайдаланудың басқа техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың енгізілуін бақылауды жүзеге асыру;
- авариялар мен оқиғаларды болдырмау, жою бойынша шаралар қабылдау жүзеге асырылады.

Осы саладағы жұмысқа пайдалану департаменті жетекшілік етеді.

Құбырлар паркі және өндірістік объектілер

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 5 371,6 км құрайды. Желінің жас құрылымында негізгі үлесті – 3 082,14 км (57,4%) – 30 жылдан астам жастағы құбырлар құрайды.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік


ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТТАРЫ



- 1 Магистральдық мұнай құбыры
- 2 Мұнай сақтауға арналған резервуарлық парк
- 3 Мұнай айдау станциясы
- 4 Мұнайды жылыту станциясы
- 5 Мұнай жылыту пеші
- 6 Төгу-қю теміржол эстакадасы
- 7 Автокөлік құралы
- 8 Айлақ
- 9 Операторлық қызметтер
- 10 Мұнай өлшеу торабы

Басшылықтың үндеуі
Есеп туралы
2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлар схемасы
Даму тарихы
2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Сегмент қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
Инновациялық-технологиялық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы магистральдық құбырлардың жас құрылымы



2020 жылғы 31 желтоқсандағы мұнай жылыту пештерінің жас құрылымы



Мұнайды магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдауды 36 мұнай айдау станциясы, 67 мұнай жылыту пеші, жалпы көлемі 1 386 мың м³ мұнай сақтауға арналған резервуарлық парктермен қамтамасыз етіледі.

Мұнайды ауыстырып тиеу Ақтау портының теңіз мұнай құю терминалының 3 айлағында орнатылған 4 ағызу-қую теміржол эстакадаларымен, танкерлерге мұнайды құю жөніндегі тиісті жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Мұнай айдау станцияларын электрмен жабдықтау 35-220 кВ шағын станциясынан 15 бірлік және 46 бірлік ЗРУ-6-10 кВ жабық тарату құрылғыларынан жүзеге асырылады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы резервуарлық парктің жас құрылымы



2020 жылғы 31 желтоқсандағы сорғы жабдығының жас құрылымы



Пайдалануда 211 бірлік сорғы агрегаты, 4 бірлік азот станциясы, 7 бірлік компрессорлық қондырғы, 905 бірлік автокөлік құралы (тіркемесіз) бар.

Өндірістік үй-жайларды жылыту үшін қысқы кезеңде 91 су жылытатын және 3 бу қазандығы бар 43 қазандық пайдаланылады.



Өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету

Өндірістің апатсыз болуын қамтамасыз ету және өндірістік процестердің тиімділігін арттыру мақсатында есепті кезеңде Компанияда мынадай жұмыстар жүргізілді:

- калибрлеу, профильметрия, құбырышылық магнитті снаряд, ультрадыбыстық снаряд сияқты әдістермен, сондай-ақ құбырышылық магнитті және ультрадыбыстық снарядты қолдану әдісімен 1 415 км магистральдық құбырларды құбырышылық диагностикалау;
- 1 202 магистральдық мұнай құбырлары құбырларының ақауларын жою;
- өзінің нормативтік қызмет ету нормативін өтеген 31 бірлік негізгі сорғысын техникалық куәландыру;
- 29 бірлік резервуарларды тексеру;
- резервуарларды коррозияға қарсы қорғау бойынша жұмыстар. 11 резервуарда сыртқы коррозияға қарсы жабын салынды;
- 3 мұнай қыздыру пештерін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру;
- 15 240 м технологиялық құбырларды тексерістен өткізу;
- 28 бірлік қазандықтарды (су жылытатын, будан жылытын) диагностикалау және арнайы тексеру;
- Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының 15 бірлік жылу алмастырғыштарының техникалық сараптамасы;
- Қысым арқылы жұмыс атқаратын 99 бірлік ыдыстарды техникалық сараптамадан өткізу;
- 678,7 км мұнай құбырының Up Scan және Modata құрылғылармен жабдықталған оқшаулағыш қабатының күйін тексеру.

Қоршаған ортаға ықтимал теріс әсерді азайту мақсатында, сондай-ақ 6-10 кВ ЭЭЖ күрделі жөндеу жүргізу кезінде электр берудің әуе желілерінде (ЭЭЖ) қысқа тұйықталу тәуекелдерін азайту мақсатында Компания АС маркалы жалаңаш сымдарды ӨОС-3 маркалы өзін көтеретін оқшауланған сымдарға ауыстыруды жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларында монтаждау жұмыстары кезінде цифрлық рентгенді пайдаланған. Жаңа технологияны қолдану нәтижесінде құбырдағы дәнекерленген жіктердің сапасы бойынша сараптамалық қорытынды алу мерзімі 36-дан 2 сағатқа дейін қысқарды.

Мұнай құбырларындағы дәнекерленген қосылыстарды радиографиялық бақылау әдісі құбыр учаскесін рентген сәулелерімен, медицинаға ұқсас етіп жарықтандыру қағидатына негізделеді. Дәнекерленген түйіспеде сәуле түсетін пленка бар. Кейіннен пленканы шығарады, кептіреді, дефектоскоп арқылы айдайды және дәнекерленген тігісте ақаудың бар не жоғы туралы қорытынды береді.

Мамандардың пікірінше, мұнай құбырларындағы дәнекерленген қосылыстарды радиографиялық бақылау әдісі ең дәл болып табылады.

Есепті жылы Компания өндірістік объектілердегі оқыс оқиғалар санының төмендеуі байқалуда.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Сегмент қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Инновациялық-технологиялық даму

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның өндірістік объектілеріндегі оқыс оқиғалар

| Оқыс оқиғалар тобы | 2018 | 2019 | 2020 | Өндіріс, % |
|--|------|------|-----------|------------|
| Негізгі қызметтің механикалық-энергетикалық және технологиялық жабдықтарының ақаулықтары | 65 | 89 | 81 | -9% |
| Негізгі қызметтің автоматика жүйесі жабдығының ақаулықтары | 36 | 21 | 19 | -9,5% |
| Негізгі қызметтің өндірістік-технологиялық байланыс жабдықтарының ақаулықтары | 64 | 52 | 21 | - 59,6% |

Өндіріс орындарын күзгі-қысқы және көктемгі кезеңдерге дайындау жоспары толығымен орындалды.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2021 жылға Компания өндірістік қуаттарды сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша келесі шараларды жоспарлады:

- «Жезқазған және Шымкент мұнай құбырлары өндірістік кран қондырғыларында (ӨКК) байланыс жүйесін кешенді қайта құру», ӨКК-мен байланыс арналарының өткізу қабілетін 2 Мб / с-тан 1 Гб / с-қа дейін арттыру, электр қуаты өшкен кезде құрылғының автономды жұмысын 4-тен 36 сағатқа дейінгі арттыру, байланыс жабдығы мен электрмен жабдықтаудың қашықтықтан бақылауын қамтамасыз ету жобасын іске асыру;
- «Ақтөбе, Атырау, Жезқазған, Маңғыстау және Шымкент магистральдық мұнай құбырлары бойы аймағын тұрақты транкингті радиобайланыспен толық қамтумен қамтамасыз ету» мұнара мен жаңа базалық станцияларды салу арқылы автомобильді радиостанциялар аймағын байланыспен қамтуды 100% дейін арттыру жобасын іске асыру;
- деректерді беру желісін жаңарту және өткізу қабілетін 2,5 Гб/с-тан 10 Гб/с-ке дейін арттыру мақсатында «Атырау мұнай құбыры басқармасының қолданыстағы талшықты-оптикалық байланыс желісін жаңғырту» жобасын іске асыру;
- «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік-технологиялық желісіндегі тоқтап қалу және төтенше жағдайлар қаупін азайту мақсатында «МҚС 4, Арал және Шалқар байланыс орталықтары үшін электрмен жабдықтаудың апаттық жүйесін қайта құру» жобасын іске асыру.

Операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет

«ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтері бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі, оның ішінде техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы шеңберінде суағызғыларды техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметті білдіреді. Операторлық қызметтер бөгде ұйымдардың мұнай құбырларына қызмет көрсету шекарасын кеңейтуге бағытталған қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.


Компанияда көрсетілген қызмет түрлерін басқаруды операторлық қызметтер департаменті жүзеге асырады. Компанияның өндірістік бағдарламасын орындау операторлық қызметтерді көрсету шеңберінде Батыс операторлық қызметтер басқармасының (БОҚБ) және Шығыс операторлық қызметтерді басқармасы (ШОҚБ) персоналы жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ мынадай компанияларға операторлық қызметтер көрсетеді:

- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС;
- «МұнайТас» ЖШС;
- «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО);
- «Торғай Петролеум» АҚ;
- «КҚК-К» АҚ;
- «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС.

Компанияның жұмылдырылған персоналының жалпы саны – 1 251 адам болғанда қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 3 322 км құрайды, оның ішінде ОҚД – 21 адам, БОҚБ – 575 адам, ШОҚБ – 655 адам.

Операторлық қызметтің ұйымдық құрылымы



* «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының учаскесіне 0 км-ден 285 км-ге дейін, лупинг 207 км-ден 285 км-ге дейін «Магистральдық суағызғы» ЖШС қызмет көрсетеді.

Операторлық қызметтерді көрсету бойынша қызметтен түскен кіріс 2020 жылы 2019 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 5,6%-ға артып, 17 835,3 млн теңгені құрады. Көрсеткіштің айтарлықтай өсуі көбінесе «КҚК» ЖШС мен «КҚК-Қ» АҚ

бойынша байқалады (әрқайсысы 8%), сондай-ақ «КҚК» ЖШС магистралды мұнай құбырларын пайдалану кезінде қызмет құнының өсімі және «КҚК-Қ» АҚ-мен келісімге №3 өзгерту ордерін жасасумен байланысты.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік


ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Компанияның операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түскен кірістері, млн теңге



*Деректер «Магистральдық Суағызғы» ЖШС-ның қызметтер көрсетуден түскен кірістер сомасын қамтиды.

Компанияның қызметтерді тұтынушылар бөлінісінде операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түскен кірістері, млн теңге

| Қызметтерді тұтынушылар | 2018 | 2019 | 2020 | Өзгеріс, % |
|---|-----------|-----------|------------------|------------|
| «ҚҚҚ» ЖШС | 7 937,21 | 8 016,38 | 8 631,97 | 7,7% |
| «КҚК-Қ» АҚ | 2 178,72 | 4 495,12 | 4 862,46 | 8,2% |
| «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» | 1 567,73 | 1 894,50 | 1 833,43 | -3,2% |
| «МұнайТас» ЖШС | 1 339,66 | 1 449,99 | 1 509,52 | 4,1% |
| «Торғай Петролеум» АҚ | 209,73 | 221,08 | 229,51 | 3,8% |
| «Магистральдық Суағызғы» ЖШС | 308,79 | 808,63 | 768,41 | -5% |
| Жиыны: | 13 541,84 | 16 885,70 | 17 835,30 | 5,6% |

Кірістің төмендеуі келесі негізгі себептерге байланысты болды:

- 2020 жылда ҚПО Б.В. Атырау мұнай құбыры басқармасы бөлімшелерінен көлік құралдарын тартуға өтінімдер саны 2019 жылғы өтінімдер санымен салыстырғанда азайды. Коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша енгізілген карантиндік шараларға байланысты өтініштер санының азаюы.
- 2020 жылы «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-не өтініштердің нақты саны инциденттер санының азаюына байланысты азайды (судың жер бетіне шығуы). Сондай-ақ, коронавирустық пандемияға байланысты 2020 жылғы маусымда жоспарланған жұмыс кестесіне сәйкес жоспарланған жөндеу жұмыстары жойылды.

Компанияның операторлық қызметтерін тұтынушылар персоналдың біліктілігіне, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау деңгейіне, сондай-ақ техникалық жарақтандыруға жоғары талаптар қояды. Тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Компания осы бағытты дамытуға айтарлықтай қаражатты инвестициялайды.

Сондай-ақ әрбір өндірістік объектіде Компанияның өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызмет-

терін тұтынушылар талаптарының нақты сақталуын бақылау жүзеге асырылады. Объектілерде бұзушылықтар және/немесе қақтығыстар туындаған жағдайда тиісті хабарлама «ҚазТрансОйл» АҚ «Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» (МТБО) филиалы құрамындағы Бас диспетчерлік басқармаға (БДБ) түседі. Ден қою жылдамдығын қамтамасыз ету үшін хабарламаларды жіберу тәулік бойы жүзеге асырылады.

Жыл сайын Компания бөгде ұйымдарға тиесілі өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша және объектілерді күзгі-қысқы және су тасқыны кезеңдерінде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын орындайды. 2020 жылы магистральдық мұнай құбырларының құбырышылық диагностикасының нәтижелері бойынша операторлық қызметтер басқармаларының күшімен магистральдық мұнай құбырларының 71 ақауы жойылды, оның ішінде «Теңіз – Новороссийск» мұнай құбырында – 44 ақау, «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбырында – 18 ақау, «Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбырында – 7 ақау, «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырында – 3 ақау.

Сонымен қатар, есеп беру кезеңінде жұмыс істеп тұрған магистральдық мұнай құбырларында жабдықтардың ірі ақаулары, апаттар мен апаттар болған жоқ.



2020 жылы операторларға қызмет көрсету сапасының деңгейін ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес бағалау мақсатында тұтынушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері

бойынша жалпы бағалау 95% құрады, бұл 2019 жылғы деңгейден 1,7%-ға төмен.

Тұтынушылардың 2020 жылғы операторлық қызметтер сапасымен қанағаттануын бағалау нәтижелері

| «Торғай Петролеум» АҚ | «МұнайТас» ЖШС | «ҚҚҚ» ЖШС | ҚПО | «КҚК-Қ» АҚ | «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС | Жалпы бағалау |
|-----------------------|----------------|-----------|------|------------|--------------------------------|---------------|
| 100% | 100% | 100% | 100% | 68% | 100% | 95% |

2020 жылы «КҚК-К» АҚ ұсынған 2019 жылға арналған сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ түзету шараларын қабылдады, оның ішінде тоқсан сайын «ҚазТрансОйл» АҚ электр және газ дәнекерлеушілерінің біліктілігін арттыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар практикалық дағдыларды тоқсандық сынау арқылы дайындалды, сондай-ақ мамандардың «Bek Consulting» ЖШС оқу орталығында оқуы ұйымдастырылды, жылжымалы ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі болып білікті дәнекерлеу инженері тағайындалды, сонымен қатар ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған бірқатар басқа жұмыстар да атқарылды.

Коронавирустық пандемия кезінде КҚК мұнай құбырлары жүйесінің қондырғыларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін апаттық қалпына келтіру пункттері мен мұнай айдау станцияларының техникалық қызмет көрсету бригадаларының 100% қатысуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Сыртқы ұйымдардың мұнай магистральдық құбырлары мен су құбырларын пайдалану және қызмет көрсету бойынша қызметтердің сапасын арттыру шеңберінде Компания алдына келесі мақсаттарды қояды:

- операторлық қызметтерді апатсыз ұсыну;
- тұтынушылардың операторлық қызмет сапасына қанағаттанушылығын жоғары деңгейін сақтап тұру (кем дегенде 95%);
- құрал-жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру;
- сырт ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің табыстылығын қамтамасыз ету;
- 2022–2024 жылдарға арналған «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС-мен жаңа ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу.

Сілтемдер

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу

Сегмент қызметінің нәтижелері

Инвестициялық қызмет

Процестерді цифрландыру және автоматтандыру

Инновациялық-технологиялық даму

Корпоративтік қауіпсіздік

Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ


БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесі

Компания немесе ЕББҰ бастамашылық ететін әрбір инвестициялық жоба терең сараптамадан өтеді. Жоба бойынша шешім қабылдауды Компанияның Инвестициялық комитеті Компанияның белгіленген талаптары мен корпоративтік рәсімдеріне сәйкес үш кезеңде жүзеге асырылады.

Инвестициялық жобалар бойынша шешімді қабылдау кезеңдері



Компанияның Инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесінің негізгі кезеңдері

Компанияның Инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесінің негізгі кезеңдері

Бірінші кезеңде инвестициялық жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі мен орындылығы туралы шешім қабылданады. Келесі кезеңде экономикалық тартымдылықты талдау үшін есептеулер жүргізіледі. Соңғы кезеңде инвестициялық өтелімділіктің, жобаның компанияның қаржылық жағдайына және биз-нес-жоспардың ҚНҚ-ге әсерін, сондай-ақ адами ресурстарды жоспарлауды егжей-тегжейлі есептеу жүргізіледі.

Компанияның Инвестициялық шешімдер қабылдау жүйесінің негізгі кезеңдері

Бұдан басқа, әрбір кезеңде шешім қабылдау кезінде жобаның тәуекел деңгейі және оның еңбекті қорғау мен қоршаған ортаға әсері сияқты факторлар ескеріледі.

Күрделі салымдардың жалпы сомасы, млн теңге

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | 2021* (жоспар) | Өзгеріс,% |
|--|--------|--------|---------------|----------------|-----------|
| «ҚазТрансОйл» АҚ-ның күрделі салымдары**, оның ішінде: | 51 313 | 42 858 | 49 715 | 81 765 | 16,0 |
| жаңа жобаларға | 8 054 | 70 | 78 | 335 | 11,4 |
| өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау үшін | 43 257 | 42 761 | 49 635 | 81 364 | 16,1 |
| әкімшілік сипаттағы | 3 | 27 | 3 | 66 | −88,9 |

** Компания Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 16 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ 2021–2025 жылдарға арналған биз-нес-жоспарына сәйкес.*

*** Компанияның күрделі салымдарының шоғырландырылған көлемі (үлестік әдіс) көрсетілген.*

2020 жылғы күрделі салымдар бойынша нәтижелер Компанияның негізгі ресурстары өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Мәселен, 2020 жылы осы бағытқа күрделі салымдардың жалпы көлемінің 99,8%-ы бөлінді.

Негізгі инвестициялық жобалар және олардың 2020 жылдағы прогресс

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырын кеңейту

Компания үшін ғана емес, Қазақстан Республикасы үшін де ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан – Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің құрылысы болып табылады.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Жоба мұнай құбырының өткізу қабілетін ішкі нарыққа тасымалдау көлемі және ҚХР-ға экспорттау барысында қолда-ныстағы мұнай айдау станцияларын жөндеу және жаңаларын салу, сондай-ақ құбырдың сәйкес учаскелерінде мұнай құбырын ауыстыру кезінде тасымалдау көлемінің өсуі есебі-нен барлық учаскелер бойынша кезең-кезеңмен арттыруды көздейді.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Бірінші кезең шеңберінде 2006 жылы ұзындығы 965,1 км «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры салынып, пайдалануға берілді. 2009 жылы-ұзындығы 794,26 км «Кеңқияқ – Құмкөл» мұнай құбыры салынып, пайдалануға берілді.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Жобаға қатысушылар: «ҚазТрансОйл» АҚ, «МұнайТас» ЖШС және «ҚҚҚ» ЖШС, олардың әрқайсысы «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының тиісті учаскесінің меншік иесі болып табы-лады. Қаржыландыру жобаға қатысушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбыры құрылысын жүзеге асы-рудың келесі кезеңі келесі жобаларды бірыңғай «Қазақстан – Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Өнімділікті жылына 20 млн тонна мұнайға арттыру жо-басына (Жоба) біріктіру болды: «МұнайТас» ЖШС іске асыра-тын «Қазақстан – Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезеңі», «Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейінгі «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыры қатысушысының реверсінің бірінші кезеңі» (Реверс жобасы) және «ҚҚҚ» ЖШС жүзеге асыратын «МССКӨЖ өткізу қабілетін Құмкөл БМАС-ке ұлғайту» (МССКӨЖ жобасы) жобалары.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Жобаның мақсаты – Қазақстанның энергетикалық қауіпсізді-гін қамтамасыз ету шеңберінде Батыс Қазақстан мұнайын «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС мен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-не жеткізудің техникалық негіздемесін қамтамасыз ету, сондай-ақ экспорттық әлеуетті арттыру.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

2020 жылы 15 маусымда Реверс жобасы шеңберінде алғашқы іске қосу кешені пайдалануға берілді.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Алғашқы іске қосу кешені бойынша жұмыстардың аяқталуына байланысты бүгінгі таңда Н. Шманов атындағы МАС-тан кері бағытта аз күкіртті мұнайды қатудың теріс температурасын ескере отырып айдау (Теніз, Қашаған) жүзеге асырылып отыр.

Екінші іске қосу кешені аясында «Аман» МАС салынуда. 2020 жылдың 29 желтоқсанында «Аман» МАС-ын механикалық аяқталу актісіне қол қойылды.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

Барлығы 21 901 млн теңге игерілді, оның ішінде 2020 жылы – 10 814 млн теңге.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

2020 жылдың 31 желтоқсанында Құмкөл МСӨЖ және Кеңқияқ МСӨЖ нысандары пайдалануға берілді.

«Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының негізгі кезеңдері

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта құру және кеңейту

«Магистральдық Суағызғысы» ЖШС «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды суағызғысын қайта құру және кеңейту жобасы-ның техникалық-экономикалық негіздемесін жасады.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының негізгі кезеңдері

Жобаның мақсаты – «Астрахань – Маңғышлақ» магистралдық суағызғысының өткізу қабілетін арттыру және Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы суды тұтынудың қазіргі таңдағы тапшылығын және өсуін қамтамасыз ету үшін тозған жаб-дықты жаңарту.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының негізгі кезеңдері

Жобаның бірінші кезеңі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестици-ялар жөніндегі комитетінің қарауына жіберілді. Жобаның бірінші кезеңі шеңберінде ұзындығы 151 км су өткізгіштің екінші желісін салу қарастырылған. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялар жөніндегі комитетінің мақұлдауын алғаннан кейін «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге кіріседі.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының негізгі кезеңдері

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық суағызғысынан Қашаған кен орнында жоспарланған ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін суағызғысын салу

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының негізгі кезеңдері

Қашаған кен орнында жоспарланған ілеспе газды қайта өңдейтін зауыттың құрылысын сумен қамтамасыз ету мақса-тында, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Атырау облысына жұмыс сапары қорытындысы бойынша берген тапсырмаларын орындай отырып, «Магистральдық Суағыз-ғысы» ЖШС зауытқа дейінгі суағызғысының құрылысын бастады.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының негізгі кезеңдері

Қазіргі таңда «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуде.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ


БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ

Қазіргі таңда жедел өзгеретін экономикалық ортада цифрландыру ұйымның табысты дамуының шешуші факторы болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Цифрландыру және процестерді автоматтандыру саласындағы дамудың негізгі векторлары ішкі құжаттарында бекітілген: «ҚазТрансОйл» АҚ цифрландыру тұжырымдамасы және «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларын дамыту бағдарламасы, сондай-ақ жобалардың Жол картасы.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның цифрландыру тұжырымдамасы



Осы саладағы жобаларды бейінді департаменттер жүзеге асырады: ақпараттық технологиялар департаменті, телекоммуникациялар департаменті және ТПАБЖ және МҚ департаменті.

Цифрландырудың мақсаттары мен бағыттары

2018 жылы әзірленген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Цифрландыру тұжырымдамасы қазіргі заманғы цифрлық технологияларды енгізу және тиімді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды өрістету есебінен Компания қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындап берді. Екі негізгі мақсаттар мен дамудың тоғыз негізгі бағыттары анықталды, олардың әрқайсысы түрлі бастамаларды қамтиды.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



Жылулық бейнебақылаудың мобильді жүйесін енгізу

Қауіпсіздік деңгейін жоғарылату және пандемия кезінде COVID-19 вирусын жұқтыру қаупін азайту мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ персоналының, сондай-ақ Компания кеңселеріне келушілердің қашықтықтан өлшеу арқылы дене температурасын қадағалау және жылулық бейнебақылау технологияларының көмегімен бақылау ұйымдастырылды. Жылуды бейнелеуді бейнежазбалық жүйелері Компанияның 12 кеңселеріндегі негізгі кіріс топтарында орнатылған. Жүйелер ағындағы адамдардың температурасын анықтауға арналған және адамның денесінің температурасын бас киіммен және маскамен өлшеуге мүмкіндік береді. Температураны өлшеу қателігі ± 0,3 С құрайды. Компанияның кеңселеріндегі статистиканы сақтау және жағдайды уақтылы қадағалау мақсатында оқиғалар туралы барлық ақпарат тиісті мекемелерінде өңделеді және сақталады.

Орнатылған жүйелер бет метамәліметтерін (жас, жыныс, көзілдіріктің бар-жоғы, масқалар және т.б.) бөліп көрсету, беттерді анықтау және талдау функциялары бар зияткер бейнетіркеуіштерді одан әрі қолдану үшін деректерді бірыңғай бақылау орталығында жинай отырып, орталықтандыруға мүмкіндік береді. Температурасы көтерілген адам тіркелген жағдайда дабыл туралы хабар автоматты түрде мониторинг орталығына фотосуретпен және оқиға туралы қысқаша бейнефильммен, сондай-ақ тиісті мамандарға электрондық пошта арқылы жіберіледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілерінде периметрлік бейнебақылау жүйесін және кіруді бақылау жүйесін енгізу

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ нысандарын 2020–2024 жылдарға арналған инженерлік-техникалық қауіпсіздік құралдарымен жабдықтау жоспары бекітілді. Жоспар периметрлік бейнебақылау жүйелерін және Компанияның 27 өндірістік

объектілерінде және 11 магистральдық құбырлардың желілік бақыланатын орындарында кіруді басқару жүйелерін енгізуді қамтиды.

Мұнай құбырлары объектілеріне арналған периметрлік бейнебақылау жүйелері қауіпсіздік құрылымдары мен жедел персоналға өндірістік алаңның аумағына бөтен адамдардың рұқсатсыз кіруі туралы, бұзушылардың әрекеттерін бейнежазбаға түсіру, сондай-ақ өндірістік және технологиялық нысандардың жағдайын бақылауды уақтылы хабарлауды қамтамасыз етеді.

Кіруді бақылау және басқару жүйесі нысандардағы техникалық кіру құралдарының көмегімен, оның ішінде жүйелік оқылатын турникет, шлагбаумдар мен электромеханикалық құлыптары бар оқитын аппаратураны қолдана отырып, басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

2021 жылы келесі объектілерде қауіпсіздік және периметрлік бейнебақылау және кіруді бақылау жүйелерін енгізу жоспарлануда: «Шолақ-Қорған» БМАС, «Жетібай» МАС, «Степное» МАС, «Шағыр» МҚП, «Екібастұз» МАС, «Бейнеу» МАС.

2022–2025 жылдарға ұқсас жүйені «ҚазТрансОйл» АҚ 19 объектісіне енгізу жоспарлануда.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- Өрт сөндіруді автоматты түрде басқару жүйесін және электр сөндіруді қалпына келтіру;
- Автоматты өрт дабылы және электр өрт сөндіру жүйесі (АӨДЭ) технологиялық қондырғыларда өрттің дамудың бастапқы кезеңінде ерте анықтауға, ауа-механикалық көбікпен автоматты түрде өрт сөндіруді қосуға және басқару пультіне өрт сигнализациясын беруге арналған;
- «Қаражанбас» МАС, «Прорва» МАС, «Опорная» МҚС, «Индер» МАС, «Павлодар» БМАС, «Атасу» БМАС және «Шағыр» МҚП жүйелерін қалпына келтіру.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалдау қызметінде көптеген арнайы технологиялық сипаттамалармен тұспа-тұс болады. Бұл ғылыми-техникалық тәсіл мен ғылыми негізделген шешімдерді қабылдау қажеттілігін туындатады. Жұмыстың бұл ерекшелігі болашақ технологиялық заманауи шешімдерді, қолданыстағы технологиялық процестерді оңтайландыруға / модернизациялауға бағытталған жаңа жабдықтар мен технологияларды (майлы жылыту пештерін, сорғы қондырғыларын пайдалану, мұнай құбырлары объектілерінің қауіпсіздік

жүйелерін және т. б.) кейіннен енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

Ғылыми және инновациялық-технологиялық даму саласындағы өзекті міндеттерді шешу үшін ҒЗТҚЖ әзірлеу және жаңа техника мен инновациялық-технологиялық шешімдерді трансферттеу жөніндегі 2019–2023 жылдарға арналған бағдарлама (ҒЗТҚЖ бағдарламасы) тұрақты негізде іске асырылуда.

ҒЗТҚЖ бағдарламасының міндеттері



ҒЗТҚЖ басты міндеттері және бағыттары

Компания мамандарының қатысуымен алынған және Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласы объектілерінде, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ нысандарында алынған және енгізілген ҒЗТҚЖ нәтижелері жұмыс сапасының жақсаруын және мұнай және су айдау көлемнің ұлғаюын қамтамасыз етеді.

«ҚазҰТЗУ» КЕАҚ «Мұнай-газ саласындағы технологиялық процестерді математикалық модельдеу» ғылыми-зерттеу зертханасының мамандары күшімен Компания мамандары біріге отырып жасаған «SmartTran» бағдарламалық жасақтамасы ақпарат технологиялары, мұнай және мұнай қоспасын тасымалдау саласындағы аналогтары жоқ ғылыми және инновациялық жұмыстарға жатады. «SmartTran» бағдарламалық жасақтамасы қолданыстағы мұнай құбырларының жұмыс режимін болжай отырып, мұнай құбырлары учаскелері мен мұнай құбырлары жүйелерінің жұмыс режимін бақылауға, модельдеуге және оңтайландыруға арналған.

«SmartTran» бағдарламалық жасақтамасының және «ҚазТрансОйл» АҚ «Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» (МТБО) филиалы БДБ SCADA-ның интеграциясы сорғы қондырғыларының, жылыту пештерінің және магистральдық мұнай құбырлары учаскелеріндегі технологиялық айдау ре-

жимдерінің жұмысы туралы жедел мәліметтер алуға мүмкіндік берді. мұнай қоспаларын мұнай құбырлары трассалары бойынша тасымалдаудың оңтайлы энергия үнемдеу режимдері.

2020 жылы келесі жұмыстар аяқталды:

- сызықтық бөлік пен технологиялық жабдықтың параметрлері жаңартылды;
- «Кеңқияқ – Атырау» магистральды мұнай құбыры арқылы мұнайды кері айдаудың жылу және гидравликалық есептеулері жүргізілді;
- «SmartTran» бағдарламалық жасақтамасын пайдаланушыларды Батыс Қазақстан мұнай қоспаларын осы мұнай құбыры бағыты бойынша кері тасымалдауды модельдеу, болжау және оңтайландыру бойынша оқыту жүргізілді;
- «Қасымов – Үлкен Шаған» МАС, «Жұмағалиев – Шолақ Қорған» және т. б. технологиялық учаскелерінде құбырдың қауіпсіз тоқтау уақытын анықтау үшін жылу-гидравликалық есептеулер жүргізілді;
- жаңа сорғы қондырғылары туралы мәліметтер, «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларының технологиялық учаскелеріндегі мұнай мен мұнай қоспаларының жаңа реологиялық қасиеттері туралы ақпарат «SmartTranPro»-ға енгізілді;
- магистральдық мұнай құбырларының барлық учаскелерінде гидравликалық есептеулер жүргізілді, сорғы қондырғыларының қысым-көлем сипаттамалары, топы-

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

рақтың жылу өткізгіштік коэффициенті SCADA деректері мен электр энергиясының коммерциялық өлшеудің автоматтандырылған жүйесі (ЭКӨАЖ) бойынша анықталды және оңтайландыру технологиялық режимдер Қаражанбас МАС – Ақтау МАС, Б. Жұмағалиев атындағы БМАС – Атасу БМАС мұнай құбырларының учаскелерінде «SmartTranPro» бағдарламалық жасақтамасын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

2020 жылғы ҒЗТҚЖ бағдарламасының нәтижелері

2020 жылға арналған әзірленген және бекітілген ҒЗТҚЖ бағдарламасына сәйкес келесі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді:

ҒЗТҚЖ және инновациялық технологияларды өз күшімен орындалуы

| Жұмыс атауы | Іс жүзінде орындалуы, % |
|---|--------------------------------|
| Мұнайдың нақты құрамдарын ескере отырып, «Т. Қасымов атындағы МАС – Н. Шманов атындағы МАС – «Қүмкөл» БМАС» мұнай құбыры бағыты бойынша тасымалдауға жоспарланған нағыз мұнай қоспаларының реологиялық және физикалық-химиялық қасиеттерін зерттеу («Кеңқияқ – Атырау» МҚ реверсі бойынша). | 100 |
| «МГӨЖ –БМАС Қүмкөл – Б. Жұмағалиев атындағы БМАС – Шымкент ҚТП» мұнай құбыры трассалары бойынша тасымалданатын мұнай қоспаларының физикалық-химиялық және реологиялық параметрлерін зерттеу, мұнай қоспасының нақты құрамын ескеру. | 100 |
| «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбыры бойынша тасымалданатын мұнай қоспаларының физикалық-химиялық және реологиялық параметрлерін, мұнай қоспасының нақты құрамын ескере отырып зерттеу. | 100 |
| Мұнай кен орындарында тасымалданатын мұнайдың / мұнай қоспаларының коррозияға қабілеттілігін зерттеу (ОҚБ-нің тиісті сұранысына сәйкес). | 100 |
| АМБ магистральды мұнай құбырлары, ММБ және ҚМБ учаскелерінде ЭХҚ жүйесінің тиімділігін бақылау (2019 жылдың атқарылған жұмыс нәтижелерін ескере отырып). | 100 |
| ЖМБ магистральды мұнай құбырлары, ШМБ және ПМБ учаскелерінде ЭХҚ жүйесінің тиімділігін бақылау (2019 жылдың атқарылған жұмыс нәтижелерін ескере отырып). | 100 |
| Мұнай айдау станцияларындағы технологиялық құбырлар мен резервуарларды коррозиядан қорғауға арналған ЭХҚ жүйелерінің тиімділігін зерттеу (2019 жылдың атқарылған жұмыс нәтижелерін ескере отырып). | 100 |
| АМБ магистральды мұнай құбырлары, ММБ және ҚМБ трассасы бойындағы топырақтың коррозияға ұшырауын зерттеу (2019 жылғы жұмыс нәтижелерін ескере отырып). | 100 |
| ЖМБ магистральды мұнай құбырлары, ШМБ және ПМБ трассасы бойындағы топырақтың коррозияға ұшырауын зерттеу (2019 жылғы жұмыс нәтижелерін ескере отырып). | 100 |
| Ертіс өзені арқылы «Павлодар – Шымкент» мұнай құбырының су асты өткелінің коррозия күйін бақылау. | 100 |

- «Павлодар – Шымкент» магистральды мұнай құбырының Ду820 мм, 681,084 – 840,725 км учаскесіндегі қалдық ресурсты бағалау, мердігер «Гормонтажпроект» ЖШС;
- «Қаламқас – Қаражанбас – Ақтау» магистральды мұнай құбырының Ду720 мм, 179 – 265,2 км учаскесіндегі қалдық ресурсын бағалау, мердігер «Гормонтажпроект» ЖШС.

Нәтижесінде магистральдық мұнай құбыры учаскесінің қалдық есептеулері құбырышілік диагностикалық мәліметтерге сәйкес жүргізілді, құбырлардағы металл сынамаларының беріктік қасиеттерін анықтау күйін зерттеу жұмыстары жүргізілді, мұнай құбырларының қалдық ресурсын анықтау үшін қалдық деградациясының әр түрлі механизмдерінің шекті күй критерийлері және «металдың шаршауын» ескере отырып қалдық ресурсын есептеу (тозудың біртіндеп жинақталуы, төзімділігінің азаюына және беріктіктің төмендеуіне әкеледі).

Жаңа техника мен инновациялық технологияларды трансферттеу бойынша жұмыстарды орындау

| Жұмыс атауы | Іс жүзінде орындалуы, % |
|---|--------------------------------|
| Резервуарларда және мұнай құбырларында асфальт-шайыр-парафин шөгінділерінің тұндырмаларын болдырмауын (жоғары парафинді және тұтқырлығы жоғары мұнай қоспаларын тасымалдайтын мұнай құбырлары учаскелерінде) процестерді оңтайландыру бойынша ұсыныстармен заманауи технологияларды (соның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ-да қолданылатын) талдаудан өткізу. | 100 |
| Магистральдық мұнай құбырының желілік бөлігін жөндеу / ауыстыру кезінде заманауи технологияларды (соның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ-да қолданылатындарды) талдау және процестерді оңтайландыру мүмкіндігін бағалау. | 100 |
| Магистральды сорғы қондырғыларын пайдалану кезінде энергия шығынын азайту мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ нысандарында турбулентті қоспаны қолдану тиімділігін кешенді талдау | 100 |

Әзірленген нормативтік-техникалық құжаттаманы бекіту


2020 жылы Компания Басқармасының шешімімен ұйымның 3 стандарты бекітілді, оның ішінде:

- «Мұнай және құбыр поршенді қондырғыларының саны мен сапасын өлшеу жүйелеріне қызмет көрсетудің типтік уақыт нормалары»;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Құбырды катушкалардың байланысын ескере отырып қосу»;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай айдау кезінде химиялық реагенттерді қолдану».

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне берген өтінішіне сәйкес, 2020 жылға арналған Ұлттық стандарттау жоспарына Қазақстан Республикасының «магистральдық мұнай құбырларында жұмыс атқару кезінде қолданылатын арнайы киім және басқа жеке қорғаныс құралдары. Негізгі техникалық талаптар» (ұлттық стандарт) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің ұлттық стандартын әзірлеу кірді. Бір жыл ішінде ұлттық стандарт жасалып, 2020 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің бұйрығымен бекітілді.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

- алдын-ала минералды өңдеу жүргізе отырып, құбырлардың сыртқы беті мен резервуарлардың сыртқы / ішкі беті үшін коррозияға қарсы заманауи инновациялық жабындарды енгізу;
- адамның ең аз қатысуымен түбіндегі және шөгінділерді өңдеумен резервуарлардың түбіндегі шөгінділерден тазартудың инновациялық технологияларын енгізу (автоматтандырылған және / немесе роботтандырылған кешендер);
- Компанияның мұнай құбырлары бағыттары бойынша әртүрлі мұнай түрлерін бірлесіп тасымалдау кезінде мұнай қоспалары ағынының тұтқырлық-температуралық параметрлерін зерттеу және болжау;
- 110 кВ және 35 кВ қосалқы станцияларды электр және газ қосқыштарын қолдана отырып жаңғырту.



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК

«ҚазТрансОйл» АҚ басқаратын магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстанның МӨЗ-дерін шикізатпен және мұнайдың көптеген экспорттық бағыттарын қамтамасыз ете отырып, стратегиялық маңызға ие. Бұл жағдайлар корпоративтік қауіпсіздікке және активтерді қорғауға байланысты мәселелерге жоғары талаптар қояды. Компанияда корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырды тұрақты күзету және мұнайдың ағып кетуін анықтау жүйелеріне және мұнай құбырын қорғау жүйелеріне тәулік бойы мониторинг жүргізу ұйымдастырылған.

Компания активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің қатысушылары



«ҚазТрансОйл» АҚ объектілеріне қол сұғушылықтың алдын алу және қарсы тұру үшін Компания, аумақтық ішкі істер органдары және «KMG-Security» ЖШС күзет ұйымы арасында ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы меморандумдар жасалды, оларға сәйкес тараптар тиісті ақпаратпен жедел алмасады, объектілердегі қылмыстарға қарсы күрес стратегиясын бірлесіп әзірлейді, мұнай құбырларына қатысты мәселелер бойынша заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

Құбырларды қорғау жүйесін жетілдіру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің активтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басты басымдығы болып табылады. Компания «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын ескере отырып әзірленген Компанияның объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен (ИТКҚ) 2024 жылға дейінгі жаратандыру жоспарына сәйкес ИТКҚ енгізу жөніндегі іс-шараларды белсенді іске асырады. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнал беру және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына құқыққа қарсы әрекеттер мен басып кіруді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл»АҚ-ның ұтқыр күзет топтары мен авариялық қызметтерін қоса алғанда, барлық ОҚБ-ның өзара іс-әрекет процесінде жүзеге асырылады.

2020 жылғы корпоративтік қауіпсіздік саласындағы өзгерістер

Заңсыз әрекеттер санын азайту мақсатында, 2020 жылы Компания құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, Компания объектілеріне қылмыстық қол сұғушылық фактілері бойынша анықталған фактілерді қолдау бойынша жұмысты жалғастыра отырып, оларды сотқа дейін жеткізіп, қылмыскерлерге тағайындалған үкімдердің одан әрі орындалуы жұмыстарын жалғастырды.

Мысалы, 2020 жылдың ақпан айында Маңғыстау облыстық соты «Өзен – Жетібай – Ақтау» магистральды мұнай құбырынан мұнай ұрлау әрекетіне қатысқан, «Қаламқас – Қаражанбас – Ақтау» магистральды мұнай құбырынан мұнай ұрлауды жоспарлауда және «Таушық – Жыңғылды» суағызғысы құбырдан құбыр өнімдерін ұрлау әрекетіне ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне қатысты үкім шығарды. Қылмыстық топты ұйымдастырушылар кінәлі деп танылып, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Компания үнемі қауіпсіздік пен алдын-алу шараларын, сондай-ақ өндірістік қауіп-қатерлерді іске асырумен байланысты жағдайларды имитациялау үшін өндірістік объектілердің қызметкерлерін тарта отырып оқыту шараларын өткізеді.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларына рұқсатсыз кесулер жасалмады.

2020 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

Компания өз активтерінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруға, оның ішінде:

- инженерлік-техникалық қауіпсіздік жүйесі (ИТҚЖ) объектілерін жабдықтау жоспарын, сондай-ақ оны іске асыру көлемі мен мерзімдерін жаңарту (Қазақстан

Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және Компанияның объектілерінің қауіпсіздігін арттыру мақсатында);

- ИТҚЖ объектілерін олардың санаттары мен Компанияның бекітілген жоспарлары мен стандарттарына сәйкес жабдықтау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастыру;
- «Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС және «Магистральды Суағызғысы» ЖШС-мен осы компаниялардың объектілеріндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара әрекеттесу;
- террористік қауіп-қатерлерге, мұнай ұрлауға және тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлауға қарсы іс-қимыл бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және қылмыстық істер мен сот процестерін тергеумен байланысты іс-шаралар, бірлескен жаттығулар өткізу.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК



Цифрлық технологияларды дамыту Компаниядан ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне көбірек назар аударуды талап етеді. Тиісті тәуекелдерді басқару мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-да Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) енгізілген және жұмыс істейді. Жүйе Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO / IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. АҚБЖ жетілдірудің ішкі корпоративтік жоспары жүзеге асырылуда.

Қауіп-қатерлерді бақылау және жабдықты уақтылы жаңарту үшін «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративті желінің, операциялық және ақпараттық жүйелерінің әлсіздігіне мерзімді бақылау жүргізу мен операциялық жүйелерді жаңарту тәртібі, «ҚазТрансОйл» АҚ желілік және серверлік жабдықтарына

арналған бағдарламалық жасақтаманы жаңарту тәртібін әзірледі. Компания барлық қолданыстағы және енгізілген ақпараттық жүйелердегі ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын үнемі қадағалап отырады.

Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті бұзу жағдайлары есепке алынады. Қақтығыстардың сынилығының үш деңгейі бар: жоғары, орташа және төмен.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Экономикалық және салалық шолу
- Сегмент қызметінің нәтижелері
- Инвестициялық қызмет
- Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- Инновациялық-технологиялық даму
- Корпоративтік қауіпсіздік
- Ақпараттық қауіпсіздік

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


Оқыс оқиғалардың сынилық деңгейлерінің жіктелуі

| | |
|----------------------------------|---|
| Жоғары деңгейдегі сынилық | Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізудің үздіксіздігіне елеулі әсер етті, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге елеулі залал келтірілді |
| Орташа деңгейдегі сынилық | Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізу үздіксіздігіне елеулі әсер етуі мүмкін (бірақ әсер еткен жоқ) немесе бизнесті жүргізу үздіксіздігіне елеусіз әсер етті, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге елеусіз залал келтірілді |
| Төмен деңгейдегі сынилық | Осы оқыс оқиға бизнесті жүргізу үздіксіздігіне әсер етпеген, персоналға және/немесе ақпараттық активтерге залал келтірілген жоқ |

Оқыс оқиғаға ден қою процесі сынилық деңгейіне байланысты ерекшеленеді. Егер оқыс оқиға жоғары немесе орта деңгейдегі санатқа түссе, онда ол тіркеліп, ден қою схемасы-

на сәйкес одан әрі жіберіледі. Егер оқыс оқиға сынилықтың төмен деңгейіне жататын болса, онда ол тіркеледі, бірақ тексерілмейді.

Сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі оқыс оқиғаға ден қою схемасы



«ҚазТрансОйл» АҚБЖ жетілдіру бойынша жыл сайынғы жоспарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару шеңберінде іс-шаралардың кең тізбесін іске асырады, оның ішінде:


- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізу және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- АҚБЖ-ның халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудитін жүргізу;
- ОҚБ корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ішкі аудит өткізу;
- әлемдік үздік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирусты қауіп-қатерден қорғауды қамтамасыз ету;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамыту.

2020 жылы оқыс оқиғалардың сынилығы жоғары және орташа деңгейдегі жағдайлар – бизнес жүргізудің үздіксіздігіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар тіркелген жоқ.

2020 жылғы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзгерістер

Белгіленген қауіп-қатерлерге байланысты болуы мүмкін оқиғалардың алдын алу мақсатында жыл бойына Компанияда желілік жабдықтар мен операциялық жүйелер деңгейінде қосымша қауіпсіздік параметрлері енгізілді, корпоративтік пошта арқылы ақпарат жіберу арқылы қызметкерлердің киберқауіптерге қатысты хабардарлығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді, сонымен қатар Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінде корпоративтік канал арқылы тізбектелген және ағымдағы киберқауіптер туралы бейне-материалдар таратылды.

2020 жылдың шілдесінде Компания «ТЮФ АУСТРИЯ Стандарттар және Сәйкестік» ЖШҚ халықаралық сертификаттау органының жетекші аудиторуның ISO / IEC 27001:2013 стандартын растау үшін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сертификаттық аудитінен сәтті өтті.



Сондай-ақ, ISO / IEC 27001: 2013 халықаралық стандартының талаптарына және корпоративтік құжаттардың ережелеріне сәйкестігі бойынша Компанияның АҚБЖ ОҚБ ішкі аудиті жүргізілді.

Компания ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын реттейтін ішкі құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат беру үшін нұсқаулықтар өткізеді. 2020 жылы Компанияның 71 қызметкеріне және мердігерлердің өкілдеріне, өндірістік практикадан өтіп жатқан студенттерге және Компанияның ақпараттық жүйелерін пайдалануға рұқсаты бар басқа тұлғаларға арналған кіріспе нұсқаулығы өткізілді.

2021 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2021 жылға ТПБАЖ, телекоммуникациялар және АТ бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдеріне бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған. Бұдан басқа, Компания 2021 жылға арналған АҚБЖ жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес жаңа технологияларды белсенді енгізуді жалғастыруды көздеп отыр, оның ішінде:

- ISO/IEC 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке корпоративтік АҚБЖ қайта қадағалау аудитін жүргізу;
- ақпараттық қауіпсіздік басқару жүйесі тәуекелдерін бағалау;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде АҚБЖ жыл сайынғы ішкі аудиттерін өткізу;
- 2021 жылға ТПБАЖ, телекоммуникациялар және АТ бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдеріне бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған;
- ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару саласындағы негізгі құжаттаманы жаңарту;
- «Киберқауіпсіздік» жоспарын іске асыру бойынша іс-шаралар шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті жедел бақылау орталығына қосылу іс-шараларын қорытындылау.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес Компанияның тиімді корпоративті басқарудың негізгі бағыттарының бірі орнықты даму мәселелерін біріктіру болып табылады.

Орнықты даму мәселелерін басқару Компания басқармасының барлық ұйымдық деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мен Компанияның басшылығы Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін басқаруға белсенді атсалысады және орнықты даму мәселелерін үнемі қарастырады.

Компанияның орталық аппараты деңгейіндегі орнықты дамудың жекелеген мәселелерін басқаруды бейінді департаменттер жүзеге асырады, ал ОҚБ деңгейінде қызметкерлермен жұмыс істеу, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орнықты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлімдер бар. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның

орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде келісіледі және үйлестіріледі.

Компания құрылымын қайта құру аяқталғаннан кейін орнықты дамудың кейбір мәселелерін басқаруды орталық аппарат деңгейіндегі мамандандырылған бөлімдер жүзеге асырады:

- Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және төтенше жағдайлар департаменті;
- Технологиялық режимдер және энергоменеджменті департаменті;
- Адам ресурстарын басқару департаменті;
- Келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті;
- Бизнес-процестер және тәуекелдерді басқару департаменті;
- Бизнесіні жоспарлау және экономикалық талдау департаменті;
- Корпоративтік басқару департаменті.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ МОДЕЛІ

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

- КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ
- ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

- КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
- ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Акционерлер және әсер ету ұйымдары



Қаржы ұйымдары



Мемлекеттік органдар



Персонал



Клиенттер және серіктестер



ЕБҚ



Жеткізушілер



Жұртшылық және БАҚ



Бәсекелестер

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту
Табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану



ӘЛЕУМЕТТІК

Қызметкерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау
Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

БҰҰ БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ҰСТАНУ



| | | | | | | | |
|-----------------------------|---------------------------|---|--|---------------------------------|---------------------------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| ЛЫҚИВАЦИЯ НИШЕТЫ | ЗДОРОВЬЕ И БЛАГОПОЛУЧЬЕ | КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ | ЧИСТАЯ ВОДА И САНИТАРИЯ | НЕОЗООТКОСТВАЯ И ЧИСТАЯ ЭНЕРГИЯ | ДОСТОЙНАЯ РАБОТА И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ | ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ, ИННОВАЦИИ И ИНФРАСТРУКТУРА | ОТВЕТСТВЕННОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ И ПРОИЗВОДСТВО |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| БОРЬБА С ИЗМЕНЕНИЕМ КЛИМАТА | СОХРАНЕНИЕ ЭКОСИСТЕМ СУШИ | МИР, ПРАВОСУДИЕ И ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТИТУТЫ | ПАРТНЕРСТВО В ИНТЕРЕСАХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ | | | | |

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРГЕ БЕЙІЛДІЛҮ



НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ҚҰЖАТТАРҒА БЕКІТІЛҮ

- Әлеуметтік жауапкершілік кодексі
- Кадр саясаты
- Энергетикалық саясаты
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жаңартылған «Алтын қағидалар» кодексі
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясаты және т. б.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР



ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТЕРІС ӘСЕРДІ АЗАЙТУ



ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

2020 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- 6 584 ш.о.т. – отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту
- 4,47 ш.о.т./млн тонна-км – мұнай тасымалдаудың энергия сыйымдылығы
- 4 557 ш.о.т. – табиғи газдың шығынын азайту
- ISO 50001: 2018 сәйкес энергияны басқару жүйесіне көшу

- 5 – өндірістік апаттар саны
- 6 564 қызметкер өндірістік қауіпсіздік талаптарына сай оқытылды
- 2,3 млрд теңге – қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға инвестиция көлемі
- 0,46 – LTIR
- 1 211 «Қорғау» карталары
- 4 046 тексерістер
- ISO 45001:2018 стандартына сәйкес денсаулық пен қауіпсіздікті басқару жүйесіне көшу

- 1,3 млрд теңге – қоршаған ортаны қорғау шараларына шығындар
- 12,3% – атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының төмендеуі
- 11,9% – су алудың төмендеуі
- 4 гектар бұзылған жерлерге рекультивация жүргізілді
- 44 055 тонна – қалдықтардың жалпы өндірісі
- 0 – мұнай тасымалдау кезінде қоршаған ортаға зиян келтіретін төтенше жағдайлар

- 324 млн теңге – персоналды даярлауға салынған инвестиция көлемі
- Персоналды даярлау және дамыту бағдарламаларына қатысты 1 073 іс-шара
- Оқу орталығының базасында 6 112 қызметкер оқудан, қайта даярлаудан өтті
- 33 қызметкер ротация процедурасынан өтті

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Орнықты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы



2019 жылдың 4-ші тоқсанында Ішкі аудит қызметі өткізген корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша 2020 жылғы 16 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданды. Көрсетілген іс-шаралар жоспарына сәйкес орнықты дамудың келесі функциялары бекітілген:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті – орнықты даму қағидаттарын енгізу;
- Бас директордың орынбасары, Басқарма мүшесі (өндірісті дамыту және операторлық қызметтер) – орнықты даму жүйесін үйлестіру және дамыту;

- корпоративтік басқару бөлімі – орнықты даму жүйесін енгізу мен оның жұмысына қатысты мәселелерді үйлестіру;
- орнықты дамудың жекелеген мәселелеріне жауап беретін құрылымдық бөлімшелер – өз қызметі шегінде орнықты даму жүйесінің дамуы мен жұмыс атқаруы.

«ҚазТрансОйл» АҚ орнықты даму жүйесін енгізу және дамыту аясында жүзеге асыратын қызмет түрлері:

- Директорлар кеңесінің қарауына орнықты даму жүйесінің жұмыс істеуі туралы есеп беру (әр 6 айда);
- Компанияның ішкі құжаттарын орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттар мен үздік халықаралық тәжірибе талаптарына сәйкестендіру – Орнықты даму

- саласындағы менеджмент жүйесінің нұсқаулықтары, Кадр саясаты, Іскерлік этика кодексі, Экологиялық саясат, Әлеуметтік жауапкершілік кодексі және т. б. «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі корпоративті құжаттарын әзірлеу кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әзірлеген құжаттарды басшылыққа алу қажет;
- Мүдделі тараптардың жиынтық картасын жаңарту (еншілес ұйымдармен бірге);
 - Компанияның жаңа Кадрлық резервін қалыптастыру;
 - Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері және мүдделі құрылымдық бөлімшелер үшін орнықты даму бойынша тренингтер өткізу (бюджетке қаражат бөлінген жағдайда);
 - ISO 50001: 2011 стандарт талаптарына сәйкес келетін «ҚазТрансОйл» АҚ энергия менеджменті жүйесінен ISO 50001: 2018 стандарт талаптарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесіне көшу;
 - OHSAS 18001:2007 стандарт талаптарына сәйкес келетін еңбекті қорғау және қауіпсіздік менеджменті жүйесінен ISO 45001: 2018 талаптарына жауап беретін еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесіне көшу.

ББЖ-ны халықаралық стандарттардың, Қазақстан Республикасының заңнамасының және «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі құжаттарының талаптарына толық сәйкестікте ұстаумен қатар, 2021 жылға арналған және орта мерзімді кезеңге арналған ББЖ-ны жетілдіру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары ретінде тәуелсіз мекемемен сәйкестікті растау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ ББЖ-ның ISO 9001: 2015, ISO 14001: 2015, ISO 45001: 2018 және ISO 50001: 2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестендіру мақсатында сертификаттық аудит жүргізу және алу / халықаралық сертификаттарды жаңа үш жылдық мерзімге ұзарту.

Компанияның 2025 жылға дейінгі стратегиясында белгіленген орнықты даму саласындағы стратегиялық бастамалары және оларды іске асыру нәтижелері (2020 жылы осы бастамалар бойынша жұмыс атқарылды)



Орнықты даму саласындағы стратегия

Орнықты даму қағидаттарын ұстану «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Өзінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, Компания қоршаған ортаға әсерін басқарудың озық тәжірибелерін ұстануға ұмтылады.

- Орнықты даму саласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ басымдықтары:
- тиімділік пен бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
 - қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту;
 - табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану;
 - қызметкерлердің біліктілігін арттыру және әлеуметтік қолдау;
 - өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
 - өндірістік активтерді басқару.

Орнықты даму жүйесін жетілдіру – «ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі даму Стратегиясының және ұзақ мерзімді орнықты дамудың негізгі бағыттары мен мақсаттарының бірі. Компания корпоративті басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеді, бұл орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау процестеріне біріктіруді қамтамасыз етеді. Бұл ұзақ мерзімді орнықты дамуға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ


«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеді, бұл орнықты даму қағидаттарын тұтқалы бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешім қабылдау процестеріне интеграциялауды қамтамасыз етеді. Бұл Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі Компанияның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады, сондықтан қызметкерлерді COVID-19 коронавирустық инфекциясынан және қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін басқа да

қауіптерден әлеуметтік және басқа да қорғау бойынша жұмыс жалғасады. «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер береді.

Стратегиядағы «Корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесін жетілдіру» мақсаты еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау және қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу жүйесі мен энергия тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделі тараптармен қарым-қатынасты жақсарту, корпоративті мәдениет және этиканы жақсарту саласындағы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Компанияның 2028 жылға дейінгі стратегиясында белгіленген орнықты даму саласындағы стратеги-ялық бастамалары және оларды іске асыру нәтижелері (2021 жылы осы бастамалар бойынша жұмыс атқарылу жоспарлануда)



Стратегиялық орнықты даму мақсатын 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген келесі стратегиялық бастамалар шеңберінде 2021 жылы іске асыру жоспарланған.

1. Тиімді корпоративтік басқару. Компания корпоративті басқаруды Компания құнының, оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығының өсуінің негізгі факторы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіру және акционерлердің мүдделері мен құқықтарын сақтау – «ҚазТрансОйл» АҚ үшін басымдылық болып табылады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Компания өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға тырысады. Осы бастама аясында «ҚазТрансОйл» АҚ алдына келесі міндеттерді қояды:

- өндіріс орындарының ақаусыз жұмысын қамтамасыз ету;
- технологиялық қайта жабдықтау және жабдықтың тұтастығын қамтамасыз ету;
- нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізу;
- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік техникалық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру.

3. Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау. Компания қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және қолдайды, қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасайды, сонымен қатар қоршаған ортаға жағымсыз әсердің алдын алады.

4. Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі деңгейін арттыру. Компания мұнай құбырларының оңтайлы жұмыс режимдерін жоспарлау, негізгі сорғы қондырғыларының жұмысының тиімділігін арттыру, энергия үнемдеу және энергия ресурстарының меншікті шығынын азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын орындау арқылы мұнай тасымалдаудың энергия тиімділігін арттыруды жалғастырады.

5. Адами капиталды дамыту және адам құқықтарын қорғау. Компания қызметкерлерді оның негізгі стратегиялық капиталы деп таниды. Осыған байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ өз алдына адами ресурстарды қолдау және дамыту, қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, ұжым мен аймақтағы әлеуметтік қорғау мен ұжымдағы тұрақтылық үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету міндетін қойды.

6. Тұтастық қағидаттарын және Іскерлік этика кодексін сақтау. Компания өз қызметінде адал, әділ, ашық, адал және жауапкершілікті іскерлік жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады. Компаниядағы іскери жүріс-тұрыстың құндылықтары, қағидаттары мен нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

7. Ашықтық пен ашық байланыс принциптері. Басшылықтың ашықтығын, Компанияның корпоративті басқару стандарттарын ұстануға міндеттілігін растау, сондай-ақ өз жұмысында басқа адамдардың пікірлері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ашық қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ету.

8. Жеткізу тізбегін тиімді басқару. Жеткізілім тізбегін тиімді басқару және сатып алу шығындарының төмендеуі кірістіліктің жоғарылауына және Компанияның қаржылық тұрақтылығына әкелуі мүмкін.

Осы бастаманы іске асыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ келесі іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр:

- жоспарлау талаптарынан бастап түпкілікті тұтынушыға жеткізуге дейінгі тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың бірыңғай процестерін әзірлеу және енгізу арқылы сатып алуды бақылауды жетілдіру;
- сатып алудың ашықтығын арттыру және әлеуетті жеткізушілер арасында әділ бәсекелестікті қолдау;
- қойма қорларды басқару және логистиканы оңтайландыру;
- тауарлардағы, жұмыстардағы және қызметтердегі жергілікті қамтуды дамытуға ықпал ету.

БҰҰ-ның жаһандық орнықты даму мақсаттары (ОДМ)

2015 жылы Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде мемлекет және үкімет басшылары кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күреске, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған 2030 жылға дейінгі кезеңде орнықты даму саласындағы әлемдік қоғамдастықтың күн тәртібін айқындайтын маңызды мәселелерді шешуге бағытталған орнықты даму саласында 17 мақсат (ОДМ) қабылдады.

Әлемдік қауымдастық қабылдаған ОДМ ұлттық деңгейде де, салалар мен жекелеген компаниялар деңгейінде де орнықты даму мәселелерінің өзектілігін едәуір арттырды.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген ОДМ бастамаларын атқарып отырған жұмысында ұстанады және бизнесті жауапты жүргізу, корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қолдану, қоршаған ортаға әсер етуді барынша азайту және персоналды тиімді басқару, өндірістік объектілерде қауіпсіз еңбек жағдайларын және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету арқылы жеке ОДМ-ға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 9 орнықты даму мақсаттарын Компанияның ең маңызды үлес қоса алатын және өзекті болып анықталды.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

9 ОДМ
**Индустриалан-
дыру, инноваци
және инфрақұры-
лым**



Ауқымды және орнықты индустрияландыру мен инновацияны алға тарта отырып, төзімді инфрақұрылым құру.

«ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық бағдарламасы мұнай магистральдық құбырларының сенімді және ақаусыз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Компания үшін ғана емес, тұтастай Қазақстан Республикасы үшін де ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі – «Қазақстан – Қытай» мұнай магистральдық құбыр жүйесінің құрылысы. «ҚазТрансОйл» АҚ-да бизнес-процестерді цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. ҒЗТКЖ-ға белсенді түрде инвестициялайды.

2020 жылға әзірленген және бекітілген ҒЗТКЖ-ға сәйкес желілік диагностика деректері негізінде магистральдық мұнай құбыры учаскесінің қалдық ресурсының есептеулері жүргізілді, оларды анықтау үшін құбыр металдары сынамаларының күйін зерттеу жұмыстары жүргізілді беріктік қасиеттері, мұнай құбырларының қалдық ресурсын анықтау үшін әртүрлі құлдырау механизмдерінің шектік күйі критерийлерін есептеу және «металдың шаршауын» ескере отырып қалдық мерзімін есептеу.

*Бөлімдер:
«Инвестициялық қызмет»; «Бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру»; «Инновациялық-технологиялық даму»*

13 ОДМ
Климаттың өзгеруімен күрес



Климаттың өзгеруімен және оның әсерімен күресу үшін шұғыл шаралар қабылдау.

Кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау қызметін жүзеге асырудың маңызды факторы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау болып табылады. Компания шығарындыларды азайту бағытында үнемі жұмыс атқарады. Сонымен қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында өндірістік тиімділікті арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.

«Атмосфералық ауаға әсер ету» бөлімі

16 ОДМ
Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар



Орнықты даму үшін бейбіт және ауқымды қоғамдарды алға жылжыту, барлығына сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және инклюзивті институттарды құру.

Компания өз қызметінде адал, әділ, мөлдір, сапалы және жауапкершілікті бизнес жүргізу қағидаттарын басшылыққа алады. Компаниядағы іскери жүріс-тұрыстың құндылықтары, қағидаттары мен нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Іскерлік этика кодексінде бекітілген. Компания кез келген формада сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді. Барлық мүдделі тараптармен ынтымақтастықта Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Компанияның іс-әрекеттері туралы олардың хабардарлығын арттыру үшін сындарлы диалогты дамытуға тырысады. Қоғамда ішкі байланыс жүйесі дамыған, оның көмегімен Компания басшылығы кез келген қызметкерден және басқа мүдделі тұлғалардан сыбайлас жемқорлыққа, сондай-ақ басқа да заң бұзушылықтар мен бұзушылықтарға күдікті туралы жедел ақпарат ала алады.

«Корпоративтік этика» бөлімі

17 ОДМ
Орнықты даму мүдделігіндегі ынтымақтастық



Орнықты даму мүддесіндегі Жаһандық серіктестік шеңберінде орнату құралдарын нығайту және жандандыру.

Компания кәсіптік тәжірибе алмасуға және салалық деңгейдегі мәселелерді шешуге, соның ішінде орнықты даму саласындағы мәселелерді шешуге көмектесетін әр түрлі кәсіби және салалық бастамаларға белсенді қатысады. «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің орнықты дамуын басқару жүйесін дамыту бойынша белсенді жұмыс атқарады. Оның ішінде болашақта кең ауқымды ынтымақтастықты қажет ететін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған шешімдерді іздеу және бастау мақсатында. Мүдделі тараптардың топтарын анықтау, бағалау және жүйелеу мақсатында Компания мүдделі тараптардың жеке топтарының маңыздылығын көрсететін «ҚазТранОйл» АҚ мүдделі тараптарының картасын бекітті. Мүдделі тараптардың картасын құру кезінде Компания мүдделі тараптардың Компанияға әсерін бағалайды және олардың өзара әрекеттесуінің нақты параметрлері негізінде олардың Қоғамға қызығушылық дәрежесін бағалайды. 2020 жылы Мүдделі тараптардың картасы жаңартылды.

«Орнықты даму-ды басқару» бөлімі

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл – «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ажырамас бөлігі. Компания ашықтық пен сенім қағидаттарының негізінде өздерінің мүдделі тараптарымен қарым-қатынас жасайды, бұл олардың мүдделерін түсінуге және сақтауға және үміттерін ақтауға мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ауқымын ескере отырып, Компания мүдделі тараптарға елеулі ықпал ету қабілетін сезінеді, бұл олармен өзара іс-қимыл мәселелеріндегі жауапкершіліктің жоғары деңгейін айқындайды.


Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде тұжырымдалған. Бұл қағидаттар адалдықты, әділдікті, ұждандылықты, ашықтық пен жауапкершілікті қамтиды. Сонымен қатар, мүдделі тарап-

тардың қажеттіліктері мен үміттерін анықтау – бұл Компанияда енгізілген барлық басқару жүйесі стандарттарының (ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001) талабы.

Қоғамдағы мүдделі топтарды анықтау, бағалау және жүйелеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен (отырыстың 2020 жылғы 22 маусымдағы №15 хаттамасы), «ҚазТранОйл» АҚ мүдделі тараптарының картасын қалыптастыру туралы ереже бекітілді. Мүдделі тараптардың картасын құру кезінде Компания мүдделі тараптардың Компанияға әсерін бағалайды және олардың өзара әрекеттесуінің нақты параметрлері негізінде олардың Қоғамға қызығушылық дәрежесін бағалайды. 2020 жылы Мүдделі тараптардың картасы жаңартылды.

Компанияда құрылған мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі мүдделі тараптардың түрлі топтарының мүдделерін уақытылы анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлер картасы



- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі



Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау мүдделі тараптармен әртүрлі диалогтар өткізу кезінде, оның ішінде:

- сұрақ-жауап алу және әртүрлі сауалнама жүргізу;
- ашық кеңестерде, жұмыс топтарында және дөңгелек үстелдерде мәселелерді талқылау;
- қоғамдық тыңдаулар өткізу;

- ашық есік күндерін, сондай-ақ мүдделі тараптардың талаптары мен күтулерін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де іс-шаралар өткізу.

Мүдделі тараптардың талаптары мен болжалдарын анықтау нәтижесінде компания мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті іс-шаралардың тұтас көрінісін алады.

Мүдделі тараптармен 2020 жылғы өзара іс-қимыл

СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

Миноритарлық акционерлер (соның ішінде акционерлердің мүдделерін білдіретін ұйымдар немесе жеке тұлғалар)

Талабы

- Акционерлердің құқықтарын қамтамасыз ету;
- Акционерлер құнының өсуі және бизнестің тұрақтылығы;
- Қолданыстағы заңдардың сақталуы.

Күтуі

- Пайда өсімі және дивидендтерді уақытылы төлеу;
- Ақпараттық ашықтық және айқындылық;
- Халықаралық озық тәжірибеге сәйкес тиімді корпоративті басқару.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- 2020 жылдың ақпанында KASE «ҚазТрансОйл» АҚ-ны «Ашықтыққа ұмтылғаны үшін» дипломмен марапаттады;
- 2020 жылғы 18 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есебі туралы ауди-торлық есебі жарияланды;
- 2020 жылғы 27 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті;
- 2020 жылдың маусымында Компания 2019 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төледі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2019 жылға арналған жылдық есебін жариялау;
- Акционерлердің барлық келіп түскен сауалдамаларына жауаптар берілді.

Мемлекеттік органдар мен ықпал ету ұйымдары

Талабы

- Қолданыстағы заңдардың сақталуы;
- Салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту.

Күтуі

- Ақпараттық ашықтық және айқындылық;
- Қатысу аймақтарындағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- Мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен төленген салықтар 36,7 млрд теңге көлемінде;
- 2020 жылдың 30 қазанында ТМРК-да «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнай жүйесі арқылы мұнайдың 2021–2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ішкі нарығына магистральдық құбырлар арқылы айдалуы бойынша реттелетін қызметке тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы өтінішін қарау бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

Қаржы институттары және рейтингтік агенттіктер

Талабы

- Қолданыстағы заңдардың сақталуы;
- Ақпараттық ашықтық.

Күтуі

- Қызметтің оң операциялық және қаржылық нәтижелері;
- Корпоративті басқару практикасы;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тұрақтылығы және қаржылық орнықтылығы;
- Іскерлік этика нормаларын сақтау.

2020 жылы іске асырылған іс-шаралар

- Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі бекітілді;
- Екінші деңгейлі банктермен келіссөздер жүргізу;
- Екінші деңгейлі банктерде шоттар ашу;
- Рейтингтік агенттіктермен конференц-байланыс жүргізу;
- 2020 жылғы наурызда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ рейтингінің болжамын «Тұрақты»-дан «Теріс» деңгейіне өзгертті;
- 2020 жылдың қарашасында Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ шетел валютасындағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BBB-» деңгейінде растады, «Тұрақты болжаммен».

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Компанияның қызметкерлерді басқарудағы тәсілдері

Қазақстан Республикасының 11 аймағында қызмет атқаратын ірі жұмыс беруші «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің алдына адами ресурстарды нығайту және дамыту, қызметкерлерінің кәсібилігі мен тиімділігін арттыру, орналасқан аймақтар мен ұжымда әлеуметтік қорғау және тұрақтылық үшін жағдай жасауды мақсат етіп қойған.

«ҚазТрансОйл» АҚ үнемі еңбек шарттарын, мотивация ретінде ынталандыру жүйесін жетілдіріп, оқытуды дамытуға және қызметкерлерін әлеуметтік қолдау деңгейінің жоғарылауына ықпал етуде.

Қызметкерлерді іріктеу, жалақыны анықтау, сондай-ақ, кадрлар мен әлеуметтік саясатты іске асыру кезінде Компания жасына, мәдени, діни, нәсілдік немесе басқа белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді. Компания кемсітушіліктің барлық түрлерін болдырмауға, балаларды еңбекке тартуға және мәжбүрлі еңбекті пайдалануға, сондай-ақ, кадрларды тек кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу мен жоғарылатуға көмектеседі.

Ішкі корпоративті коммуникацияларды дамытуға және коммуникациялық іс-шараларды жүзеге асырудың арқасында қызметкерлер мен басшылық арасындағы сенімділікті арттыруға, ашық бағалау жүйесіне және негізгі қызметкердің да, басшылардың да жұмыс нәтижелері бойынша кері байланыс құралдарына ерекше назар аударылады.

- «ҚазТрансОйл» АҚ Кадр саясатының негізгі басымдықтары:
- еңбек ұжымдарына жоғары кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және бекіту;
 - Компания персоналын басқарудың озық әдістерін енгізу;
 - қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, олардың мүдделері мен құқықтарын толық көлемде сақтау, жұмыс орынында қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- Компанияның кадр резервін басқару;
- Компаниядағы инновациялар мен өзгерістерді қолдау;
- еңбек тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін тиімді ынталандыру жүйесін құру және іске асыру болып табылады.

Құрылым және басқару құралдары

Кадрлар мен әлеуметтік саясат екі деңгейде басқарылады. Орталық аппаратта жұмысты адам ресурстарын басқару департаменті, ОҚБ деңгейінде – кадр қызметі үйлестіреді.

Корпоративті мәдениет пен ішкі коммуникацияға қатысты мәселелер қоғаммен байланыс және ішкі коммуникация департаментінің, ал кейбір мәселелер адам ресурстарын басқару бөлімінің құзырына жатады.

2020 жылдың 10 желтоқсанында Директорлар кеңесінің шешімімен бұрын қолданыстағы (2018 жылдан бастап) құжатты ауыстыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ жаңа Іскерлік этика кодексі бекітілді. Кодексті жаңартудың мақсаты корпоративтік құндылықтар мен іскерлік этика қағидаттарын, сондай-ақ, компанияның этикалық стандарттарын, 2028 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ даму стратегиясын іскерлік этика кодексіне сәйкес келтіру болды. Кодекс корпоративті мәдениеттің дамуына ықпал ететін шараларды қоса, жалпы корпоративтік құндылықтарды қамтиды.

Компания кадрлық және әлеуметтік мәселелерді басқару шеңберінде көптеген іс-шаралар мен бастамаларды жүзеге асырады, соның ішінде:

- ҚНҚ-ның нақты нәтижелері деңгейіне негізделген қызметкерлерге еңбекақы төлеу мен бағалаудың тиімді жүйесі;
- қызметкерлерді кәсіптік оқыту және дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;

- қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін материалдық және материалдық емес өтемақылар құрылымын қамтитын әлеуметтік пакет;
- кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл;
- өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын пайдалана отырып құрылған ішкі коммуникациялардың прогрессивті жүйесі;
- әр түрлі деңгейдегі қызметкерлер үшін мансапты дамытудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған кадрлық резерв бағдарламасы;
- корпоративтік мәдениетті басқаруды жетілдіру, әлеуметтік тұрақтылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізу;
- ОҚБ басшы қызметкерлерін, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын алмастыру.
- Компанияның өндірістік нысандарындағы кәсіптік тәжірибе;
- Компания басшылығының қызметкерлермен тұрақты кездесулері;
- жыл сайын қатысу дәрежесі мен әлеуметтік тұрақтылық дәрежесіне зерттеулер жүргізу (SAMRUK RESEARCH SERVICES).

2020 COVID-19 таралуына байланысты күрделі сынақтар кезеңі болды. Коронавирустық пандемия персоналды басқару

Қызметкерлер санының динамикасы



Қызметкерлер санының немесе штат санының азаюына байланысты еңбек келісімшарты бұзылған жағдайда қызметкерлерге хабарлама берудің ең аз мерзімі Компанияның Ұжымдық шартында қарастырылған және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды. Сонымен қатар, 2020 жылы Компания қызметкерлерінің еңбек заңнамасының осы талаптарын орындамағаны туралы талап қою жағдайлары орын алмаған.

тәсілдерін шұғыл өзгертуге әкеліп соқты. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына әсер ететін тәуекелдерді азайту мақсатында Компанияда алғаш рет қашықтан жұмыс режимін енгізді, жұмыс сипаты қашықтықтан жұмыс істеуді көздемейтін өндірістік персоналды жұмыс беруші мен жұмыскерге тәуелсіз себептер бойынша ауыстыру жүзеге асырылды.

Пандемия тез шешім қабылдап, жұмыс өнімдігін арттыруға әкеліп соқты.

Бизнес-процестерді цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижелері Компанияға карантин шараларын қатаң шектеуді енгізу кезеңінде барлық кеңсе қызметкерлерін жедел және ауыртпалықсыз қашықтан жұмыс режиміне ауыстыруға мүмкіндік берді, қызметкерлерді оқыту және кеңестер қашықтан форматында өткізіледі.

Қызметкерлердің саны және құрылымы

Есепті кезеңде қызметкерлердің тізімдік саны 2019 жылмен салыстырғанда 0,78%-ға төмендеді және 6 720 адамды құрады. Қызметкерлер санының азаюы Компанияның бизнес-процестерді оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды өткізуімен байланысты.

2020 жылғы персоналдың тізімдік санының құрылымы, адам



- Орталық аппарат
- ОҚБ
- «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО» филиалы
- «ҚазТрансОйл» АҚ МТБО» филиалы
- Самара, Омбы және Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Бөлімшілер бойынша қызметкерлер санының динамикасы, адам

| Атауы | 2018 | 2019 | 2020 | Өзг., % |
|---|--------------|--------------|--------------|--------------|
| Орталық аппарат | 455 | 452 | 389 | -13,94 |
| ОҚБ | 6 269 | 6 106 | 6 057 | -0,80 |
| «ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО» филиалы (алдында «ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалы) | 151 | 161 | 162 | 0,62 |
| «ҚазТрансОйл» АҚ МТБО» филиалы | - | - | 60 | - |
| Самара, Омбы және Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер | 48 | 54 | 52 | -3,70 |
| Барлығы | 6 923 | 6 773 | 6 720 | -0,78 |

Компания гендерлік теңдік қағидаттарын ұстанады және Компанияның барлық деңгейлерінде гендерлік әртүрлілікті қамтамасыз етуге тырысады. Сонымен қатар, Компания қызметінің өндірістік ерекшеліктеріне байланысты қызметкерлер арасында ер адамдар саны дәстүрлі түрде көпшілікті құрайды. Есепті кезеңде жұмысшылардың жалпы санындағы ер қызметкерлердің үлесі 82% құрады. Компания өзінің басқару

органдарында гендерлік әртүрлілік қағидаттарын ұстануға тырысады: 2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы 8 ер адам мен 1 әйелден тұрды.

Компания қызметкерлерінің негізгі бөлігін 30 жастан 50 жасқа (61%) дейінгі қызметкерлер құрайды. 2020 жылы персоналдың орташа жасы 43,7 жасты құрады.

Қызметкерлердің құрылымы

| Санаты | Барлығы (адам) | Оның ішінде гендерлік топтар бойынша | | Оның ішінде жас топтары бойынша | | |
|---|----------------|--------------------------------------|---------|---------------------------------|-----------|------------------|
| | | Ер адамдар | Әйелдер | 30 жасқа дейін | 30-50 жас | 50 жастан жоғары |
| Барлық қызметкерлер саны | 6 720 | 5 505 | 1 215 | 577 | 4 130 | 2 013 |
| Басқарма | 9 | 8 | 1 | 0 | 7 | 2 |
| Әкімшілік-басқару персоналы | 393 | 213 | 180 | 27 | 306 | 60 |
| Басшылық лауазымдарда | 232 | 146 | 86 | 3 | 183 | 46 |
| Мамандар | 161 | 67 | 94 | 24 | 123 | 14 |
| Өндірістік қызметкерлер | 6 327 | 5 292 | 1 035 | 550 | 3 824 | 1 953 |
| Басшылық лауазымдарда | 654 | 560 | 94 | 13 | 453 | 188 |
| Мамандар | 1 696 | 1 184 | 512 | 122 | 1 200 | 376 |
| Жұмысшылар | 3 977 | 3 548 | 429 | 415 | 2 171 | 1 389 |
| Қызметкерлердің тұрақтамауы, % | 2,44 | 2,45 | 2,38 | 0,16 | 1,53 | 0,73 |
| Бір жыл ішінде қабылданған қызметкерлер саны | 279 | 219 | 60 | 111 | 154 | 14 |

Мерзімсіз еңбек келісімшарттарының талаптары бойынша Компания қызметкерлерінің үлесі шамамен 99% құрайды. Есепті кезеңдегі барлық қызметкерлер штаттық бірлікте болды.

2020 жылы тұрақты және уақытша қызметкерлердің саны, адам

| Көрсеткіш | Барлығы, адам | Гендерлік топтар бойынша | |
|--|---------------|--------------------------|---------|
| | | Ер адамдар | Әйелдер |
| Қызметкерлердің тізім бойынша саны, оның ішінде: | 6 720 | 5 505 | 1 215 |
| тұрақты | 6 637 | 5 463 | 1 174 |
| уақытша* | 83 | 42 | 41 |

* Уақытша болмаған қызметкерлерді ауыстыру кезеңіне еңбек шарты жасалған қызметкерлер көрсетіледі.

2020 жылдың соңына аймақтар бойынша қызметкерлер саны

| Аймақтар | адам | Аймақтар | адам |
|------------------|-------|---|------|
| Атырау облысы | 1 999 | Шымкент | 369 |
| Маңғыстау облысы | 1 158 | Ақтөбе облысы | 368 |
| Қарағанды облысы | 748 | Батыс Қазақстан облысы | 263 |
| Алматы облысы | 657 | Алматы | 162 |
| Нұр-Сұлтан | 449 | Солтүстік Қазақстан облысы | 97 |
| Павлодар облысы | 398 | Самара, Омск және Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер | 52 |

Қызметкерлерді іріктеу

2020 жылы қабылданған қызметкерлер



Компаниядағы кадрларды іріктеу процедурасы тестілеу элементтерін қолдана отырып, ашықтық, меритократия және кемсітушілікке жол бермейтін «ҚазТрансОйл» АҚ бос лауазымдары мен жұмысшы мамандықтары үшін кадрларды конкурстық іріктеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Есепті жылы Компания 279 жаңа қызметкер қабылдады, оның 23-і орталық аппараттың, 256-сы бөлек құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері. Жаңадан қабылданған жұмысшылардың жасы 31 мен 50 жас аралығында.

2020 жылы қандай да бір себептермен жұмысқа орналасуға үміткерлерді немесе жұмысшыларды кемсіту жағдайлары болған жоқ.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару

Персоналды басқару

Сыртқы коммуникациялар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қоршаған ортаны қорғау

Энергия тұтыну және энергия үнемдеу

Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2020 жылдың қорытындысы бойынша аймақтар бойынша қабылданған қызметкерлер саны

| Аймақ | адам | Аймақ | адам |
|------------------|------|---|------|
| Атырау облысы | 61 | Павлодар облысы | 17 |
| Алматы облысы | 47 | Батыс Қазақстан облысы | 15 |
| Маңғыстау облысы | 43 | Шымкент | 11 |
| Қарағанды облысы | 33 | Алматы | 7 |
| Нұр-Сұлтан | 23 | Солтүстік Қазақстан облысы | 3 |
| Ақтөбе облысы | 17 | Самара, Омск және Мәскеу қалаларындағы өкілдіктер | 2 |

Кадр тұрақтамауы

Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті



** Қызметкерлердің тұрақтамау индикаторы өз бастамалары бойынша және теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлер санының Компания бір жылдағы қызметкерлерінің орташа санына қатынасы ретінде анықталады.*

2020 жылы жұмысшылардың тұрақсыздық деңгейі 2,44% құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда сәл жоғары. Лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін ұйымдастыру, кәсіптік оқыту және мансаптық өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, кадрлардың ауысу қарқынын төмен деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Тұрақтамаудың төмен деңгейі – Компанияның лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету арқылы жұмыс күшінің бірізділігін қамтамасыз ету қабілетінің көрсеткіші.

Қызметкерлер арасындағы орташа еңбек өтілі – 13 жыл.

Сыйақы және мотивация

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті. Компания жалақы туралы ережені әзірлеу кезінде кәсіподақ ұйымдарының пікірін де ескереді. Ағымдағы корпоративті сыйақы жүйесі мыналарды қарастырады:

- Қазақстандағы ірі компаниялардың деңгейіне сәйкес келетін сыйақының лайықты деңгейі;
- тұрақты және өзгермелі (бонустық) бөліктерден тұратын екі компонентті еңбекақы жүйесі;
- өндірістік бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысын Қазақстандағы инфляция деңгейіне қарай индекстеу.

Жалақының тұрақты бөлігін анықтаған кезде аймақтардағы күрделі табиғи-климаттық жағдайларды, экологиялық қолайсыз жағдайларда өмір сүру коэффициенттерін, зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдерді және басқа да тұрақты төлемдерді ескеретін коэффициенттер қолданылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің жалақысының минималды деңгейі жылдан-жылға қатысу аймақтарындағы ең төменгі жалақыдан үнемі жоғары болып келеді. 2020 жылы Компанияда ең төменгі жалақы деңгейі 132,5 мың теңгені құрады, бұл қатысу аймақтарындағы көрсеткіштен 3,11 есе жоғары. Айта кету керек, бұл жылдық есепте Компаниядағы ең төменгі жалақыны есептеу алгоритмін қолдана отырып, қызметкерлерге төленетін негізгі ай сайынғы төлемдер ескерілді, бұл 2019 жылғы жылдық есепте ең төменгі жалақыны есептеу алгоритмінен ерекшелендіреді, себебі ол жолы қызметкердің тарифтік мөлшерлемесін ғана ескеретін.

2020 жылы Компания өндірістік персоналға еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізді, ол мыналарды көздейді:

- негізгі өндіріс жұмысшыларының жалақысының өсуі;
- Компанияның ОҚБ қызметкерлерінің еңбекақысындағы бар сәйкессіздіктерді қысқарту;
- жұмысшы кәсіптерді негізгі өндіріске, көлік саласына және қызмет көрсетуші персоналға бөлу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесінің (ECOT) жекелеген элементтерін енгізу.

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің жалақы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 |
|--|-------|-------|--------------|
| Қатысу аймақтарындағы ең төменгі жалақы, мың теңге | 28,3 | 42,5 | 42,5 |
| Компаниядағы бастапқы деңгейдегі қызметкердің жалақысы, мың теңге* | 116,5 | 122,3 | 132,5 |
| Компаниядағы ең төменгі жалақының қатысу аймақтарындағы жалақыға қатынасы, есе | 4,11 | 2,87 | 3,11 |

** Ерлер мен әйелдердің кіріс деңгейіндегі жалақысы бірдей. Ерлер мен әйелдер үшін Атырау мұнай құбыры басқармасы «Орал» ЖӨДС Өндірістік қызмет көрсету Қазандық базасының операторының жалақысы көрсетілген. Компания қызметкерлерінің ең төменгі жалақы мөлшері салықтар мен басқа да міндетті жарналар ұсталғаннан кейін көрсетілген.*

Қызметкерлерді бағалау жүйесі

Жыл соңында орталық аппараттың барлық қызметкерлері мен ОҚБ басшыларына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді ескере отырып, бекітілген ҚНҚ көрсеткіштері үшін сыйақы төленеді.

Сондай-ақ, компания «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппараты құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл тиімділігін сипаттайтын «360 градусқа» бағалаудың кешенді жүйесін енгізді. Осы бағалау шеңберінде әр бөлім өзара әрекеттесетін құрылымдық бөлімшелердің шеңберін, сонымен қатар, бағалау жүргізілетін көрсеткіштерді/талаптарды анықтады.

2020 жылдың соңында енгізілген жүйе орталық аппараттың бағаланатын құрылымдық бөлімшелерінің бизнес-процестерін жақсартуға, сондай-ақ, өзара әрекеттесу тиімділігін одан әрі арттыру әдістері мен тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Орталық аппарат құрылымдық бөлімшелері басшыларының, оның ішінде Компанияның операторлық қызметтер департаментінің және ОҚБ құзыреттерін бағалау орталығы құралдарын қолдана отырып, жеке (іскерлік) құзыреттіліктің стандартты моделі бойынша жүзеге асырылады, аналитикалық презентация, топтық жаттығу, құзыреттілік бойынша сұхбат, сондай-ақ «360 градус» әдісін бағалау сияқты. Бағалаудың мақсаты – бағаланған көшбасшылардың мықты жақтары мен даму бағыттарын анықтау. Бұл бағалау қызметкердің неғұрлым теңдестірілген шешімдерін қабылдауға және одан әрі оқыту үшін нақты мақсаттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалау орталығы нәтижелері бойынша жеке құзыреттіліктерді дамытуға оқытуды көздейтін жеке даму жоспарлары құрылды. Есеп беру кезеңінде ОҚБ менеджерлері стратегиялық ойлау, тиімді коммуникация, кері байланыс, бөліп басқару, өзгерістерді басқару және көшбасшылық дағдылары бойынша оқудан өтті.

Компанияның кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында олардың жеке даму жоспарларын одан әрі қалыптастыру үшін Басқарма мүшелерінің бағалау бойынша жұмыстар басталды, кадрлар резервін одан әрі қалыптастыру үшін «А» санатындағы басқарушылық лауазымдардың қажеттілігі мақұлданды.

Кадрларды ротациялау тәсілдері

Ішкі көздерден кадрларды іріктеу әдісі ретінде ротацияны қолдану оның тиімділігі мен перспективаларын көрсетті. Компания ОҚБ басқарушы персоналын, сондай-ақ, орталық аппарат құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын ротациялауды жүргізеді.

Ротацияның сапалы іске асырылуының нәтижесі іс жүзіндегі басқару механизміндегі инновациялық лек болып табылады, Компания кадрларын тиімді пайдалану, құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту, қызметкерлердің түсінігі арқасында перспективалы және ағымдағы өндірістік міндеттерді бірлесіп шешуге ықпал ету және Компанияның жалпы ұйымдастыру-шаруашылық жүйесін жүзеге асырудың жұмыс тиімділігін жоғарылату.

2020 жылы ОҚБ мен Компанияның орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басқарушы құрамының 33 қызметкері ротациядан өтті.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТИҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТИК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Қызметкерлерді оқыту

Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру – «ҚазТрансОйл» АҚ-тың басым бағыттарының бірі. Кәсіби дайындықтың жоғары деңгейі Компанияның сенімділігі мен тиімділігінің негізгі факторы болып табылады.


Компания қызметкерлерінің дамуын толық жоба ретінде қарастырады, өндірістік мәселелерді шешуге жұмыскердің біліктілік деңгейі маңызды рөл атқарады, бұл ретте корпоративті мәдениетті дамытуға тікелей әсер ете отырып,

Оқыту бағыттары



2020 жылы Компания персоналды оқыту мен дамытуға 324 млн теңге жұмсады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 53,3% -ға аз. Есепті кезеңдегі шығындардың төмендеуі COVID-19 коронавирустық инфекциясы пандемиясымен

Қызметкерлерді оқытуға арналған инвестиция көлемі, млн теңге



қызметкерлердің адалдығының өсуіне ықпал ететін, ұжымда қолайлы әлеуметтік ахуал туғызатын мүмкіндік туғызады.

Компаниядағы қолданыстағы кадрларды даярлау жүйесі оның әр қызметкеріне тең мүмкіндіктер мен біліктілікті арттыруға қолдау көрсетуді жүйеге негізделген – біліктілікті арттыру курстарынан өткен әр қызметкер үшін жылына кем дегенде 1, бірақ жылына 3 реттен көп емес. Бұл жүйе қызметкерлерге жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті білімдер мен дағдыларды тиімді игеруге және дамытуға мүмкіндік береді.

байланысты карантиндік шараларды сақтау мақсатында күндізгі оқу, іссапарлар мен онлайн форматта оқытуды жүргізуді шектеуге байланысты болды.

«ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО» филиалының (алдында «ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалы) Оқу орталығы Ақтау қаласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс істейді, ол мамандандырылған оқыту жүйесінде үйлестіруші рөлін атқарады, өндірістік оқыту мен дамыту бағдарламаларын іске асырудың негіздері мен жағдайларын жасайды. 2020 жылы Оқу орталығы базасында 6 112 қызметкер оқудан өтті.

Компаниядағы кадрларды қайта даярлау қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатуға ғана емес, сонымен қатар, басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, қызметкерлердің санын немесе штатын оңтайландырған жағдайда, одан әрі жұмысқа орналасу ықтималдығын арттыру үшін олар үшін байланысты мамандықтарды алуға бағытталған.

Қызметкерлерді оқыту бойынша деректер (бірл. оқыту жүргізілді)

| Көрсеткіш | Барлық қызметкерлер бойынша | Гендерлік топтар бойынша | | Қызметкерлер санаттары бойынша** | | |
|---|-----------------------------|--------------------------|------------|----------------------------------|----------|-------------------------|
| | | Әйелдер | Ер адамдар | Басшылық лауазымдарда | Мамандар | Қызметкерлер/жұмысшылар |
| Есепті кезеңде ұйым қызметкерлерінің өткен оқу сағаттарының саны* | 305 668 | 25 775 | 279 893 | 51 116 | 76 016 | 178 536 |
| Оқудан өткен қызметкерлердің саны | 19 211** | 1 564 | 17 647 | 1 854 | 4 420 | 12 937 |

** сәйкес топтағы ұйымдағы қызметкерлердің жалпы саны орташа есеппен үшін қолданылады*

*** есептеу үшін ұйым қызметкерлерінің жалпы саны оқу сағаттарының аясында қолданылады*

Кадр резерві

- Кадрлық резервті қалыптастырудың негізгі мақсаттары:
- Компанияның ұзақ мерзімді персоналды қауіпсіздігін, сондай-ақ, менеджменттің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
 - Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін олардың әлеуетін арттыру үшін перспективалы қызметкерлерді анықтау және дамыту;
 - мансаптық өсу және өсу мүмкіндігі бар қызметкерлердің мотивациясын қамтамасыз ету;
 - даму және мансаптық өсу мүмкіндіктерін ұсыну арқылы жоғары білікті қызметкерлерді тартуға және ұстап қалуға ықпал ететін жұмыс беруші ретінде Компанияның имиджін қалыптастыру.

«ҚазТрансОйл» АҚ кадр резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес кадр резервін қалыптастыру үшін лауазымдардың төрт санаты белгіленді (А, В, С және D). Алғашқы үш санат Компанияны басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі басшыларын қамтиды. Төртінші санатқа желілік басшылар болып табылмайтын ОҚБ инженерлік-техникалық қызметкерлерінің лауазымдары кіреді. Кадрлық резервті құру Компанияны қызметкерлерді іздеуге кететін уақытты барынша азайта отырып, дайындалған ынталы қызметкерлермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2020 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның кадр резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес Компанияның кадр резервін тізбекті қалыптастыру мақсатында «А» санатындағы лауазымдарға (басқарушы қызметкерлер және өкілдіктерді қоспағанда, ЖҚБ бірінші басшылары) қажеттілік айқындалды.

В, С, D санаттары бойынша лауазымдарға қажеттілік бекітілгеннен кейін 2021 жылы кадр резервіне алу үшін кандидаттардың тізімін қалыптастыру жоспарлануда.

Есепті кезеңде жұмысшы кәсіптері қызметкерлерінің ішінен Компанияда инженерлік-техникалық лауазымдарға 89 қызметкер ауыстырылды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Қызметкерлер мен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ бизнестің тұрақтылығына, қатысу аймақтарындағы әлеуметтік тұрақтылыққа және қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануына бағытталған теңдестірілген және теңдестірілген әлеуметтік саясатты жүргізеді.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың өзгермейтін негізі – «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның қызметкерлері арасында жасалған Ұжымдық шарт.

2020 жылдың 27 ақпанында үш жылдық мерзімге тағы бір Ұжымдық келісімге қол қойылды, оның мақсаттары: қызметкерлерді әлеуметтік қолдау; әлеуметтік серіктестік шеңберінде тараптардың мүдделерінің оңтайлы тепе-теңдігіне қол жеткізу; «ҚазТрансОйл» АҚ тиімділігін арттыру; тараптардың өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігін күшейту. Ұжымдық шарт жеке құрамның 100%-ын қамтиды.

Компания өз қызметкерлеріне Ұжымдық шартта көзделген қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынады.

Компанияның әлеуметтік пакетіне кіреді:

- әлеуметтік және оқу демалыстары;
- бала тууға байланысты демалыстар;
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс;
- қысқа мерзімді ақылы демалыстар: қызметкер некеге тұрған кезде, қызметкердің баласының туылуына байланысты (әкесіне), қызметкердің жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты;
- қызметкер мен ата-анасын қосқанда оның отбасы мүшелері үшін ерікті медициналық сақтандыруды рәсімдеу мүмкіндігі.

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- қауіпті өндірістік нысанның өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясына сәйкес сенімділік және қауіпсіздік саласындағы іс-шаралар кешенін орындау;
- ЖҚБ -да өндірістік кеңестердің жұмыс істеуі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлермен ай сайынғы жиналыстар өткізу;
- «Қауіпсіздік техникасы бойынша минуттар» өткізу;
- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, өрт-техникалық минимум және өнеркәсіптік қауіпсіздік көлемінде өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша оқыту.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді бағалау кезеңдері



Тәуекелді бағалау кем дегенде 2 жылда бір рет жүзеге асырылады. Еңбекті қорғау қызметінің қызметкерлері қызығушылық білдіретін бөлімдермен бірге бағалау үдерісіне қатысады. Анықталған тәуекелдер апат немесе авария кезінде, сондай-ақ, өндірістік қызметте елеулі өзгерістер болған кезде қайта бағалануға жатады. Тәуекелді бағалау нәтижелері бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жоғары тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар әзірленуде.

Компания сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үдерісіне қатысатын қызметкерлерге оларды басқару процедураларының сапасы мен дәлдігін арттыру мақсатында тәуекелдерді бағалау бойынша оқытуды үнемі өткізеді. 2020 жылы «Қауіпсіздік жылына» орайластырылған іс-шараны жүзеге асыру мақсатында ISO 31000:2018 халықаралық стандартының талаптарын ескере отырып Компанияның 216 қызметкері өндірістік объектілер менеджерлері мен өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлер арасынан тәуекелдерді басқару жүйесінде оқудан өтті.

Ықтимал тәуекелдер мен технологиялық процестердің жұмыс істеу қабілеттілігіндегі проблемаларды анықтау мақсатында, Т. Қасымов атындағы МАС-да HAZOP әдісін қолдана отырып, өндірістік тәуекелдерді бағалауды тиісті есептеумен жасады.

Өндірістік қауіптер мен қатерлерді бағалау

«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқару ережелеріне сәйкес Компания қызметкерлер мен басқа да мүдделі тұлғалар үшін қауіпті жағдайларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді, сонымен қатар, онымен байланысты тәуекелдерді бағалайды. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қаупін анықтау және бағалау Компанияның орталық кеңсесінде және ЖҚБ -да жүзеге асырылады.

сәйкессіздіктерді көрсете отырып әңгімелер жүргізіліп, тиісті шаралар әзірленді.

2020 жылы Компания жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) сатып алуға қатысты саясатын едәуір өзгертті. Атап айтқанда, ЖҚҚ-ға тұтынушылардың жоғары талаптары бар жаңа техникалық сипаттама жасалды. ЖҚҚ жеткізушісін анықтаған кезде оның жұмыс уақытында ЖҚҚ деректерін сақтау мүмкіндіктері ескерілді. Аккредиттелген зертханада жеткізілген ЖҚҚ-ны тексеру және сынау рәсімдері бөлек қарастырылды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылау шеңберінде 4 046 тексеру жүргізілді, 4 026 сәйкессіздік анықталды, олар уақытында жойылды.

«Қорғау» картасы

Компания «Қорғау» картасын қолдану бастамасын жүзеге асыруды жалғастыруда. Компанияның кез келген қызметкері немесе келушілері сәйкессіздіктерді немесе қауіпсіздікке қауіп төндіретін жағдайларды анықтаған кезде, сәйкессіздік-

тер жойылғанға дейін жұмысты тоқтата алады, сонымен қатар, картаны толтыру арқылы қауіпсіздік жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізе алады. Есепті жылы 1 211 «Қорғау» картасы толтырылды, оның ішінде 625 карточка орындалды. Карточкалық бланкілер өндіріс орындары мен кеңсе үй-жайларында және Компанияның ғаламтор желісінде орналастырылған.

- 2020 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-да қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін кешенді дамытудың Жол картасын іске асыру шеңберінде «Қорғау» картасын пайдалану ережелері жаңартылды. Ережеге өзгертулер енгізілді:
- қызметкерлерді ынталандыру жиілігі;
- қызметкерлерге ақшалай сыйақы мөлшерін көбейту;
- жұмыс қауіпсіз емес жағдайда анықталған жағдайда бақылаушыға жұмысты тоқтата тұру құқығын беру.

Қызметкерлерді ай сайын және жыл сайын «Қорғау» картасын пайдалануға ынталандыру мақсатында қызметкерлерге «Үздік» Қорғау картасы» сертификаттары мен белгіленген ақшалай сыйақылар беру қолданылған.

2020 жыл ішінде бақылау типі бойынша «Қорғау» картасының саны, дана

| Бақылау типі | Саны |
|----------------------------|--------------|
| Қауіпсіз емес іс-әрекеттер | 252 |
| Қауіпті фактор | 493 |
| Ұсыныстар | 466 |
| Барлығы: | 1 211 |

Дағдарыстық жағдайларды басқару командасы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясының жариялануына, сондай-ақ, бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша төтенше жағдай енгізілуіне байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ дағдарыстарды басқару тобы (ДБТ) 2020 жылдың наурыз айында іске қосылды. 2020 жылы ДБТ-тың жалпы саны 30 отырысы өткізілді, оларда Компания нысандарындағы жұмыс кестесін өзгерту, санитарлық-профилактикалық іс-шараларды сақтау талаптарын іске асыру үшін материалдық ресурстар бөлу туралы, сонымен қатар, басқа да мәселелер Компания қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің шешімдерінің талаптарын орындау кезінде жедел шешімдер қабылданды.

Басқару жүйесін дамыту

2020 жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-да 2020 жылға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін кешенді дамыту бойынша қабылданған Жол картасына сәйкес түрлі іс-шараларды іске асыра отырып, еңбек қауіпсіздігін, еңбекті қорғауды және денсаулықты қорғауды қамтамасыз ету жүйесін дамытуды жалғастырды. Сондай-ақ, Компания қызметкерлері арасында COVID-19 таралуын болдырмау бойынша шаралар қабылданды.

Есепті жылы әзірленді және бекітілді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Қорғау» картасын қолдану Регламентіне өзгерістер;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 коронавирусы инфекциясының таралуын болдырмау және оған ден қою тәртібі;
- «Магистральдық мұнай құбырлары. Автокөлік, трактор және арнайы техника. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешенін ұйымдастыру және басқару» СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2020 ұйым стандарты.

2020 жылы Компанияның өндірістік орындарында 3 516 жұмыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылауын және 2 917 қозғалыс қауіпсіздігін мінез-құлықтық бақылауын жүргізді. Бақылаулар көрсеткендей, жұмыстың 95%-ы қауіпсіз орындалды. Қауіпсіз ұйымдастыру мен жұмысты орындаудың барлық анықталған фактілері бойынша қызметкерлермен болған

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті инвестициялау көлемі, млн теңге

| Атауы | 2018 | 2019 | 2020 | Өзгеріс, % |
|--------------------------|----------------|--------------|--------------|------------|
| Еңбекті қорғау | 163,9 | 188,2 | 253 | 25 |
| Денсаулықты қорғау | 673,9 | 573,3 | 897 | 36 |
| Өнеркәсіптік қауіпсіздік | 137,7 | 120,4 | 249 | 51 |
| Өрт қауіпсіздігі | 914,6 | 999,0 | 887 | -12 |
| Барлығы: | 1 890,1 | 880,9 | 2 286 | 17 |

Өнідірстік жарақаттану

Қауіпсіздік техникасы мен еңбек жағдайын жақсартудағы кең ауқымды шараларға қарамастан, 2020 жылы Компания өндіріснде 3 жазатайым оқиғаны бастан өткерді, яғни 5 қызметкер жарақат алды. Барлық жазатайым оқиғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес тексерілді.

Апаттар электр тоғының соғуы салдарынан, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде және жол-көлік оқиғасы салдарынан Компанияның 5 қызметкері зардап шеккен.

Жүргізілген тергеу жұмыстарының нәтижесінде, бұл жағдайларда жарақат алудың шешуші факторлары болып жұмыстың

қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы, қызметкерлердің жеке немқұрайлылығы, жұмысқа кіріспес бұрын қауіп-қатердің бағамдамауы, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы анықталған.

Әрбір апат Компания басшылығымен талқыланды, апаттарға себеп болған жағдайларға талдау жасалды.

Оқиғалар туралы шолулар ЖҚБ-ға жіберілді, олар әр қызметкерге ақпарат тақталарында ақпаратты орналастыру, «Қауіпсіздік техникасы бойынша минут» өткізу, осы ақпаратты әңгімелесу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кездесулер кезінде пайдалану арқылы жеткізілді. Мұндай жағдайлардың қайта орын алмауы үшін тәуекелдер де қайта қаралып, тиісті шаралар әзірленді.

Компания қызметкерлері арасындағы өндірістіктегі жазатайым жағдайлар саны

| Көрсеткіштер | 2018 | 2019 | 2020 | Өзгеріс, % |
|--|------|------|-------------|-------------|
| Өндірістегі жазатайым жағдайлардың жалпы саны | 2 | 3 | 3 | - |
| Жарақат алған адамдардың жалпы саны, соның ішінде | 2 | 3 | 5 | 67% |
| Аса ауыр емес жарақат саны | 2 | 0 | 3 | үш жағдайға |
| Ауыр жарақат саны | 0 | 3 | 2 | -33% |
| Өндірістік жарақат салдарынан болған өлім саны | 0 | 0 | 0 | - |
| 1 000 адамға шаққандағы жазатайым оқиғалардың жиілігі | 0,29 | 0,44 | 0,44 | - |
| Уақытша жұмысқа жарамдығын жоғалтумен (LTIR) өндіріс-тегі жазатайым жағдайлардың жиілік коэффициенті | 0,17 | 0,26 | 0,46 | 77% |

2020 жылы 3 апат болды, онда 5 адам зардап шекті: оның ішінде 2-уі ауыр өндірістік жарақат алды, ал 3 жұмысшыда – ауыр дәрежесіне жатпайтын жарақаттар. 77% өсім 3 адам жарақат алған апатқа байланысты. 77% өсім орын алған жазатайым жағдаймен шартталған, онда 3 адам зардап шеккен.

Мердігер ұйымдардағы жұмысшылар арасындағы жазатайым жағдай

Мердігер ұйым жұмыскерлеріне де Компания қызметкерлеріне қойылатын бірдей өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қатаң талаптар қойылады.



«ҚазТрансОйл» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын ережелер» кодексі Компанияның өндірістік объектілері аумағында орналасқан мердігер ұйымдардың өкілдеріне де қатысты.

Компанияда «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» АҚ СТ нормативтік құжатын қабылдады, онда Компанияның мердігер ұйымдарға қолданылатын қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың барлық талаптары бөлек көрсетілген.

Мердігер ұйымдардағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау деңгейін жақсартудың маңызды құралы – келісім шарттағы міндетті бөлім, онда мердігер ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нақты міндеттері көрсетілген. Белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайда шара қолдануға және айыппұл салуға құқық береді.

Компания мердігер ұйымдардың басшылығымен еңбек қауіпсіздігі, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану және сапасын жақсарту, жол ережелерін сақтау мәселелерін талқылауға арналған кездесулерді үнемі ұйымдастырады.

2020 жылы мердігер ұйымда жұмыскер жарақат алған 1 жағдайын тіркеді. Бұл іс белгіленген тәртіпте тергеліп, Компанияның барлық қызметкерлеріне жеткізілді. Компания объектілерінде мұндай оқиғаның болдырмауы жөнінен алдын алу шаралары қабылданды.


Денсаулықты қорғау

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен қолдауға аса назар аударады. Компания жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулар мен жарақаттардың алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлеріне келесі медициналық қызметтер көрсетіледі:

- санитарлық авиация және жедел жәрдем түріндегі жедел медициналық көмек;
- күндізгі медициналық орталықта дәрігерге дейінгі көмек;
- вахталық жұмыс режимі бар медициналық орталықтағы білікті медициналық көмек;
- Қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден өткізу, оның ішінде күнделікті және жыл сайынғы мерзімді тексеру.

Санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық іс-шараларының шығындары, млн теңге



Өндіріс орындарында шұғыл медициналық көмекті уақтылы көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектер, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген күндізгі және тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық орталықтар қызмет атқарады.

2020 жылы Компания қызметкерлері арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясы таралуын болдырмауға ерекше назар аударылды. Есепті кезеңдегі басқа жұмыстармен қатар:

- пандемияның Компания қызметіне әсер ету тәуекелдерін бағалау жүргізілді;
- қызметкерлер арасында профилактикалық шараларға деген көзқарастары жөнінен сауалнама жүргізілді;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да COVID-19 алдын алу» оқу материалы әзірленген, сонымен қатар ол қызметкерлердің назарына жеткізіліп, тестілеу арқылы игерілген материал бойынша білімді тексеру жүргізілді. Компанияның 96% қызметкерлері оқумен қамтылған;
- көлік және кеңсе ғимараттарында үнемі санитарлық-профилактикалық талаптарды сақтау қажеттілігі туралы дауыстық хабарлама шығады;

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Құрылым және басқару құралдары

Қоршаған ортаны қорғауды басқару (ҚОҚ) екі деңгейде жүзеге асырылады. Орталық аппаратта жұмысты өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті, ЖҚБ деңгейінде – тиісті ведомстволар үйлестіреді.

- «Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық» ISO 14001: 2015 талаптарына сәйкестігіне сертифицираталған ҚОҚ басқару жүйесі ИСМ бір бөлігі болып табылады және Компанияның өндірістік қызметінің барлық салаларын қамтиды. Компания экологиялық менеджмент шеңберінде көптеген іс-шаралар мен бастамаларды жүзеге асырады, оның ішінде:
- ҚОҚ саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сәйкесінше халықаралық және ұлттық стандарттарды сақтау;
 - экологиялық менеджмент жүйесі талаптарын сақтау;
 - экологиялық аспектілерді идентификациялау және бағалау, экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі шараларды жүзеге асыруға инвестицияларды бағыттау;
 - мердігер ұйымдар (зертханаларды) тарта отырып, өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өндірістің экологиялық тиімділігін бағалау;
 - апаттық ластанған жағдайда міндетті экологиялық сақтандыру туралы жылдық келісім шарттар жасасу;
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалау;
 - Компания қызметкерлері арасында экологиялық мәдениетті дамыту және насихаттау.

Инвестиция және табиғатты қорғау төлемдері

Компанияның қоршаған ортаны қорғау шығындары екі негізгі баптан тұрады:

- атмосфераға ластаушы заттардың қалдықтары, ластаушы заттардың ағынды суларға төгілуі, өндіріс қалдықтарын көму және тұтыну үшін төлемдер;
- Қазақстандағы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған бастамашылық негізінде жүзеге асырылатын қоршаған ортаны қорғау шараларының шығындары.

2020 жылы қоршаған ортаны қорғау шараларын іске асыруға 1 316 млн теңге инвестицияланды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 42,2%-ға аз. Шығындардың төмендеуі «Өзен – Атырау – Самара» магистральды мұнай құбырының 984-985 шақырымындағы бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарымен (тарихи ластану) байланысты.


Компанияның эмиссиялары үшін төлемдер 2020 жылы 81,69 млн теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға төмен және атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуімен байланысты.

2020 жылы экологиялық талаптар мен қоршаған орта сапасының стандарттарын бұзу жағдайлары тіркелді, нәтижесінде Компанияға мемлекеттік органдардың салған әкімшілік айыппұлдарының жалпы сомасы 542,9 мың теңгені құрады.


2020 жылдың 26 ақпанында Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Павлодар – Шымкент» мұнай құбырының 227 шақырымында жерасты құбырындағы ақаудың нәтижесінде жер бетіне мұнай ағып кетті. Мұнаймен ластанған барлық топырақ дереу жиналып, жойылған, бұл қоршаған ортаға зиян келтіру туралы талап қоюдан сақтады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік айыппұл төлегені туралы түбіртекке сәйкес, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 337 бабының 2 тармағы Жерді улау, ластану немесе өзге де зақымдау сәйкес 100 АЕК немесе 265,1 мың теңге көлемінде әкімшілік өндіріп алу салынды. Әкімшілік айыппұл дер кезінде төленді.

Қоршаған ортаны қорғау үшін шығындар. Табиғатты қорғау іс-шаралары үшін ағымдағы шығындар, млн теңге



Экологиялық төлемдер, млн тенге



Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, тонна

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | Өзгеріс, % |
|--|---------------|---------------|---------------|--------------|
| Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, оның ішінде: | 29 951 | 26 665 | 23 396 | -12,3 |
| Nox | 919 | 928 | 642 | -30,8 |
| Sox | 104 | 89 | 93 | 4,5 |
| COx | 283 | 285 | 273 | -4,2 |
| атмосфераға шығарындылардың басқа санаттары | 28 645 | 25 363 | 22 388 | -11,7 |

«Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті» РММ-не жоспардан тыс тексеру барысында Т. Қасымов атындағы МӨС 5-тармақ 2020 жылы, жобалау-із-дестіру жұмыстары және РВС-20,000 м³ (№10) резервуарына алюминий понтонын орнату, 2021 жылы – пайдалануға беру қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген қоршаған ортаны пайдалану шарттары бұзу анықталған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік айыппұл төлегені туралы түбіртекке сәйкес, әкімшілік жаза Қазақстан Республикасының Кодексінің 326 бабының 1 тармағына Экологиялық рұқсаттамада көрсетілген табиғатты пайдалану әкімшілік құқық бұзушылық туралы – оны орындамау сәйкес 100 АЕК немесе 277,8 мың теңге мөлшерінде әкімшілік өндіріп алу салынды. Әкімшілік айыппұл дер кезінде төленді.

2020 жылы мұнай тасымалдау кезінде қоршаған ортаға зиян келтіретін апаттар болған жоқ.

Атмосфералық ауаға әсері

Компанияның атмосфералық ауаға әсер етуінің негізгі көздері – мұнайды жылыту пештері, қазандық қондырғылары және мұнайды сақтауға арналған резервуарлар.

Атмосфералық ауаға жағымсыз әсерді болдырмау және азайту мақсатында Компания мұнайды жылыту пештеріндегі, ыстық су қазандарындағы жану процесін оңтайландыру және атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын мониторинг-леу бойынша шаралар қабылдайды.

- Басшылықтың үндеуі
- Есеп туралы
- 2020 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлар схемасы
- Даму тарихы
- 2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі, оның ішінде:



2020 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі белгіленген нормативтерден аспады. Ластаушы заттар шығарындыларының өткен жылмен салыстырғанда 12,3%-ға төмендеуі шығарылатын мұнай көлемінің азаюымен байланысты.


Кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау қызметін жүзеге асырудың маңызды факторы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын бақылау болып табылады.

Атмосфераға ластаушы заттардың шектік мүмкіндік шығарындылары (ШМШ) жобасы ластаушы заттар шығарындылары-

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің көздерінен буланған газдар шығарындыларының көлемін есептеу

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 (болжам) | Өзгеріс, % |
|---|--------------|--------------|---------------|-------------|
| Булы газдар шығарындыларының тікелей көлемі, мың тонна CO₂-экв., қосымша алғанда: | 164,7 | 163,9 | 158,1 | -3,5 |
| (CO ₂) көмірқышқыл газы, мың тонна | 163,7 | 163,0 | 157,2 | -3,6 |
| (CH ₄) метан, мың тонна CO ₂ - экв. | 0,08 | 0,09 | 0,08 | -11,1 |
| (N ₂ O) азоттың шалатотығы, мың тонна CO ₂ -экв. | 0,87 | 0,84 | 0,83 | -1,2 |

Булы газдар шығарындыларының тікелей көлемі, мың тонна CO₂-экв., қосымша алғанда:



ның көздерінде ШМШ нормативтерінің сақталуын бақылауды қарастырады. ШМШ нормативтерінің аттестацияланған зертханасы бар мамандандырылған ұйым бақылайды.

Бақыланатын бастаулардың саны кәсіпорынның жалпы шығарындыларына қосқан үлесімен анықталады. Шекті шығарындылар әр бастау үшін белгіленген стандартты мәндерден аспауы керек (ШМШ; г/с). ШМШ жобаларындағы көрсетілген, шығарылымдарды бақылау жиілігін кестеге сәйкес жүргізу ұсынылады.

Буланған газ эмиссиясы

Компанияда буланған газдар шығарындыларының көзі болып қазандықтар, мұнай жылыту пештері, буланған газдар шығарындыларының жылжымалы және стационарлық бастаулары, дизельді электр станциялары, дәнекерлеу қондырғылары және басқа жабдықтар табылады.

Буланған газдар шығарындыларының көлемін есептеу және буланған газдарды түгендеу туралы есепті дайындау отын шығыны, есепті жылдағы тасымалданған мұнай көлемі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ұсынған мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

Су ресурстары

«ҚазТрансОйл» АҚ суды жасалған шарттарға, сондай-ақ, арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттарға сәйкес жинайды және су объектілеріне айтарлықтай әсер етпейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ су ресурстарын басқарудың негізгі міндеттері болып табылады:

- барлық құрылымдық бөлімшелерде міндетті түрде қолдануға арналған су ресурстарын басқарудың негізгі принциптерін анықтау;
- су шаруашылығы үдерісін үнемі жетілдіріп отыруды қамтамасыз ету;
- су ресурстарын басқару процесіне мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету.

Көздер бойынша алынған судың жалпы көлемі, мың м³

| Көрсеткіш | 2018 ** | 2019** | 2020 | Өзгеріс, % |
|--|---------------|------------|---------------|--------------|
| Суалғыш көлемі, соның ішінде: | 15 055 | 536 | 472,16 | -11,9 |
| Су беттері | 14 727 | 14 | 44,16 | - |
| Жер асты сулары (артезиандық ұңғыма) | 240 | 221 | 195,34 | -11,6 |
| Муниципалды және өзге де сумен жабдықтау жүйелері (бөтен ұйымдардан сатып алу) | 88 | 301 | 232,72 | -22,7 |

* 2018 жылы суды тұтыну көлемі «ҚазТрансОйл» АҚ Магистралды су беру басқармасының 2018 жылдың қаңтарынан маусымына дейінгі жұмысын ескере отырып беріледі.

** 2018 жылдың шілдесінен бастап бұл қызмет түрін «Магистральды Суағызғысы» ЖШС жүзеге асырады.

Есепті кезеңдегі суды тұтыну көлемі 472,16 мың м³ құрады, бұл 2019 жылғы су тұтыну көлемінен 11,9%-ға аз. 2020 жылы суды тұтынудың төмендеуі іссапарға жіберілген қызметкерлер санының аздығымен, объектілерде мердігерлердің жұмысшылармен, сондай-ақ, пандемияға байланысты Компанияның қашықтықтан жұмыс істеумен байланысты.

Ағынды суларды ағызу көлемі 2020 жылы 231,61 мың м³ құрады және су тұтынудың төмен көлеміне байланысты 15,6% -ға төмендеді және Компанияның рұқсат етілген шегінен аспады.

Ағынды суларды жою қондырғысы арқылы төгу, мың м³

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 | 2020 | Өзгеріс, % |
|--|--------------|--------------|---------------|--------------|
| Жалпы төгу көлемі, соның ішінде: | 591,5 | 274,5 | 231,61 | -15,6 |
| Булану тоғандары (жинақтаушы), сүзгілеу алаңында | 201,3 | 183,0 | 157,17 | -14,1 |
| Бөтен ұйымдар суында | 94,7 | 91,1 | 76,68 | -15,8 |
| Өзен, көл, сазды қоса алғанда, су беттері | 295,5 | 0,4 | 0,4 | - |

Жалпы төгу көлемі, соның ішінде:



Компанияның қоршаған ортаға әсерін бақылау үшін жер асты, жер үсті және ағынды сулардың мониторингі суларды зертханалық зерттеумен, сондай-ақ, ағынды сулардың тазару дәрежесін бақылаумен жүзеге асырылады.

Қалдықтарды басқару

Қалдықтарды басқару және қауіпсіз өңдеу – Компанияның қоршаған ортаны жоспарлау мен басқарудың негізгі бағыттарының бірі.

Табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің ластануын болдырмау мақсатында қалдықтарды жинақтау және жою Қазақстан Республикасында қолданыстағы ережелеріне, халықаралық стандарттардың талаптарына, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ішкі стандарттарына қатаң сәйкес жүргізіледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы міндеттер:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық стандарттардың, сондай-ақ, «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі стандарттарының талаптарын сақтау;
- қалдықтарды арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде немесе жабық контейнерлерде бөлек жинау;

Сілтемдер

Басшылықтың үндеуі

Есеп туралы

2020 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлар схемасы

Даму тарихы

2020 жылғы негізгі оқиғалар

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Персоналды басқару
- Сыртқы коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Энергия тиімділігі

Энергия тиімділігі саласындағы мәселелерді басқару тәсілі

Пайдаланылатын энергетикалық ресурстарды оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның шеңберінде Компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруға ерекше назар аударады. Осы саладағы міндеттерді іске асырудың стратегиялық маңыздылығы 2020 жылы жаңартылған «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясатында бекітілген.

- Энергия ресустарын басқару аясындағы міндеттер:
 - энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Компанияға қойылатын талаптарды сөзсіз орындауға;
 - энергия көрсеткіштерін үнемі жақсарту және энергия менеджменті жүйесінің жарамдылығын, жеткіліктілігі мен тиімділігін арттыру;
 - энергетикалық мақсаттар мен энергетикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ақпарат пен ресурстардың болуын қамтамасыз ету;
 - энергия ресурстарын үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, «ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеу қызметін жетілдіру, оларды іске асыру үшін Компания қызметкерлерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін нақты белгілеу;
 - «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің энергия ресурстарын тиімді пайдалануға және үнемдеуге деген қызығушылығын арттыру арқылы энергия үнемдеуді ынталандыру жүйесін әзірлеу;
 - энергия тиімділігін арттыруға әсер ететін энергияны үнемдейтін жабдықты, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
 - энергия ресурстарын ұтымды тұтыну нәтижесінде қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту;
 - барлық қызметкерлер үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы ақпараттың болуын қамтамасыз ету;
 - энергетикалық сипаттамаларды жақсартуды ескере отырып, жобалық іс-шараларды жүзеге асыру;
 - энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру.

- «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) жыл сайын ЖҚБ және тұтастай алғанда Компания үшін энергия тиімділігі көрсеткіштерінің мақсатты мәндерін бекітеді, мысалы:
 - энергияның барлық түрлерінің меншікті шығынын төмендету (мұнай айналымы үшін);
 - меншікті қуат шығынын азайту (мұнай жүк айналымы үшін);
 - «ыстық» мұнай құбырлары арқылы мұнай жүктерінің айналымы үшін нақты газ шығынын азайту;
 - энергия ресурстарының жалпы шығынын азайту.

Басқару құрылымы мен құралдары

Энергия тиімділігімен айналысатын жауапты бөлім – бұл «ҚазТрансОйл» АҚ технологиялық режимдері және энергияны басқару департаменті, ол мақсатты индикаторларды әзірлейді және ай сайын олардың орындалуын қадағалайды, қойылған міндеттерге қол жеткізуге уақытылы және тиімді бақылауды қамтамасыз етеді.

Энергетикалық мақсаттарға жету үшін Компания ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сертифицикатталған энергия менеджметң жүйесі қызмет етеді. Оның қолданылу саласы мен шекаралары барлық деңгейлерде көрсетілген: ЖҚБ энергия тұтыну объектілерінен бастап Компания деңгейіне дейін.

Бүгінгі таңда энергетикалық менеджменттің жүйелік тәсілі үздік әлемдік тәжірибені ескеретін ISO 50001 стандартының ұсынымдарын ескере отырып құрылыс процестерін қамтиды. 2020 жылы энергия менеджменті жүйесін дамытудағы маңызды оқиға – Компанияның ISO 50001: 2011 стандарттарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесінен ISO 50001: 2018 стандарттарына сәйкес келетін энергия менеджменті жүйесіне көшуі. ISO 50001: 2018 стандарты – бұл ұйымның жағдайын және мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін ескере отырып, Компанияға энергияны тұтынуды жүйелі түрде азайтуға, зиянды заттардың атмосфераға шығарындыларын азайтуға және қаржылық жеңілдіктер мүмкіндік беретін принципалды жаңа тәжірибелік құрал.

2019 жылы жүргізілген энергетикалық аудиттің нәтижелері бойынша 2020–2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, онда энергия тиімділігін арттыру жөніндегі келесі негізгі шаралар анықталды:

- магистральдық сорғы қондырғыларын тиімділігі жоғары қондырғылармен ауыстыру;
- мұнай жылыту пештерін қалпына келтіру;
- теңгерімдік шекарасында газ шығынын есептеу пункттерін салу;
- Т. Қасымов атындағы МӨС импульстік электр станциясында модульдік қазандығының құрылысы.

Есепті кезеңде орталық аппарат пен ЖҚБ қызметкерлеріне «ISO 50001: 2018 жаңа стандарт нұсқасына көшу курсы» тақырыбында сырттай оқыту өткізілді.

Энергия ресурстарын тұтыну

2020 жылдың аяғында Компания энергия тиімділігі саласындағы барлық мақсаттарға қол жеткізді, бұл магистральдық мұнай құбырлары жұмысының технологиялық режимдерін оңтайлы жоспарлаудың, сондай-ақ, энергияны үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың арқасында мүмкін болды. 2020 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ энергия тиімділігін арттыру.

- Атап айтқанда, есепті кезеңде энергияны тұтынуды оңтайландыру бойынша келесі негізгі шаралар қабылданды:
 - «Жетібай» ЖҚБ магистральді сорғы станциясын қайта құру бойынша жобалау-іздіестіру жұмыстары;
 - Н.Н. Шманов атындағы МӨС газды өлшеу пунктін орнату;
 - Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының «Өзен» БМАС магистралді сорғы станциясының құрылысы.


Энергия тиімділігінің өсуіне қосымша, компания өндірістік процестері энергияны үнемдеу бойынша мақсатты индикаторларды бақылауды қамтамасыз етеді.

Бастапқысы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдаланудың динамикасы мен құрылымы («ҚазТрансОйл» АҚ үшін бөлек)

| Энергия көзі | 2018 | | 2019 | | 2020 | | Өзг. % |
|----------------|---------|----------|---------|----------|----------------|-------------|--------|
| | ш.о.т | үлесі, % | ш.о.т. | үлесі, % | ш.о.т. | үлесі, % | |
| Табиғи газ | 125 735 | 70,5 | 118 267 | 70,7 | 113 710 | 70,8 | −3,9 |
| Электр қуаты | 36 301 | 20,3 | 35 496 | 21,2 | 33 438 | 20,8 | −5,8 |
| Жағар май | 7 231 | 4,1 | 6 606 | 3,9 | 6 014 | 3,7 | −8,7 |
| Шикі мұнай | 5 262 | 2,9 | 4 292 | 2,6 | 4 585 | 2,8 | +6,8 |
| Жылу энергиясы | 3 041 | 1,7 | 1 819 | 1,2 | 2 286 | 1,4 | +25,6 |
| Моторлы бензин | 834 | 0,5 | 666 | 0,4 | 528 | 0,3 | −20,8 |

** ш.о.т. – шартты отынның тоннасы.*

Бастапқысы жаңартылмайтын энергия көздерін пайдаланудың динамикасы мен құрылымы, ш.о.т.



Энергия тиімділігі

«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік процестері энергияны көп қажет етеді, осыған байланысты Компанияның өзекті міндеті энергияны тұтынуды азайту бойынша шешімдер табу және енгізу болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ энергия тұтыну құрылымына әр түрлі энергия ресурстары кіреді, олардың ішіндегі ең маңыздысы табиғи газ және электр энергиясы, олар мұнай тасымалдау үшін пайдаланылатын барлық энергия түрлерінің жалпы тұтыну көлемінің 91,6% құрайды.

